1. Геродот өз еңбегінде исседон сақтарын қалай атады?
A тақырбастылар
B массагеттер
C дайлар
D аргипейлер
E сарматтар

2. Геродоттың тоғыз томнан тұратын сақтарға қатысты мәлімет беретін еңбегінің бірінші томы қалай аталады?
A Клио
B Мельпомена
C Танайс
D Скиф
E Сақтар

3. Геродот өзінің еңбегінде Танайс деп қай өзенді атаған?
A Еділ
B Жайық
C Сырдария
D Амудария
E Іле

4. Геродот өз еңбегінде аргипей сақтарын қалай атады?
A жалғыз көзділер
B массагеттер
C дайлар
D исседондар
E сарматтар

5. Өзбек ханның исламды қабылдау рәсімін қай тарихшы баяндайды?
A Өтеміс қажы
B Әбілғазы
C Рашид-ад дин
D Қадырғали Жалайыр
E М.Х. Дулати

6. Алтын Орда билеушісі Берке ханның мұсылманшылдығы туралы қай деректе баяндалады?
A «Шыңғыс наме»
B «Шайбани наме»
C «Бабырнама»
D “Тарихи Рашиди”
E «Жами ат-тауарих»

7. Зерттеуші Л.Н. Гумилевтің түркі халықтары туралы жазған еңбегін көрсетіңіз?
A Көне түріктер
B Түрік шежіресі
C Этногенез және жердің биоферасы
D Хұндар
E Орхон жазбалары

8. 1269 ж. көктемдегі Талас Құрылтайының маңызы қандай болды?
A Монғол империясының ыдырағанын көрсетті
B Алтын Орданың құрылғандығын бекітті
C Орталық билікті күшейтті
D Иранда Хулагу мемлекетінің құрылғандығын дәлелдеді
E Ешқандай маңызы болмады

9. Моңғол жаулауының қарсаңында Орта Азия мен Қазақстанда өмір сүрген үш мемлекетті көрсетіңіз?
A Қыпшақ хандығы, Найман хандығы, Хорезм мемлекеті
B Қарақытай мемлекеті, Керей мемлекеті, Найман хандығы
C Найман хандығы, Керей хандығы, Хорезм мемлекеті
D Ноғай, Найман хандықтары, Хорезм мемлекеті
E Хорезм, Хиуа, Моғолстан

10. Шыңғыс ханмен күресте жеңіліс тапқан найман ханы Күшілік Алтайдан ығысып, Қазақстанның қай өңіріне келді?
A Жетісу
B Орталық Қазақстан
C Батыс Қазақстан
D Солтүстік Қазақстан
E Сыр бойы

11. XVI – XVII ғғ. Қазақ хандығының орталығы?
A Сығанақ
B Сауран
C Испиджаб
D Сарайшық
E Тараз

12. 1500 ж. Мұхаммед Шайбани хан өзінің қарамағындағы адамдарымен Дешті Қыпшақтан қай жерге көшті?
A Мауреннахр
B Оңтүстік Сібір
C Қашғар
D Шығыс Түркістан
E Алатай

13. Қазақтың қай ханы Сыр бойындағы қалалар үшін Мұхаммед Шайбани ханмен 30 жылдай соғысты?
A Бұрындық
B Қасым
C Керей
D Хақназар
E Жәнібек

14. «Жеті Жарғы» заңы бойынша жазалаудың негізгі түрі?
A Құн
B Қамау
C Барымта
D Өлім жазасы
E Дүре соғу

15. 1508-1509 жж. қазақтарға «қасиетті соғыс» жариялаған кім?
A Мұхаммед Шайбани хан
B Абдолла хан
C Имамкули хан
D Әбілхайыр хан
E Абдар Рашид хан

16. Жоңғар хандығының тарихын кім зерттеді?
A И.Я. Златкин
B А.К. Левшин
C Р.К. Сулейменов
D К.А. Пищулина
E Б.Е. Көмеков

17. Қай қазақ ханының тұсында қазақ жасақтары Самарқандты бағындырды?
A Тәуекел
B Тәуке
C Қасым
D Хақназар
E Есім хан

18 Қадырғали Жалайырдың мәліметі бойынша Қасым хан қай жерде жерленген?
A Сарайшық
B Астрахан
C Сауран
D Сығанақ
E Сарай Берке

19 Беғазы-Дәндібай мәдениетін зерттеген ғалым?
A Ә.Х. Марғұлан
B М.А. Оразбаев
C М.К. Қадырбаев
D Г.Б. Зданович
E А.Г. Максимова

20 Сақ кезеңінде танымал тұлға Анахарсис туралы мәліметтер қай деректе кездеседі?
A «Тарих» Геродот
B «География» Страбон
C «Ши Цзи» Сыма Цян
D «Ханьшу» Бань Гу
E Бехистун жазбалары

21 «Түркістанда түркілер бірнеше елге, тайпаға бөлінеді», – деп түркі тайпаларының атауларын жазған тарихшы әрі географты атаңыз?
A Әл-Якуби
B Гардизи
C М.Қашқари
D Әл-Марвизи
E Әл-Беруни

22 Қазақ хандығының тұсында Сыр бойындағы қалаларға нақты сипаттама беріп, өз еңбегін жазған тарихшыны атаңыз?
A Фазлаллах Ибн Рузбехан
B Әбілғазы Баһадүр
C Мұхаммед Бабыр
D Ибн Уәли
E Қадырғали Жалайыр

23 М.Х. Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегін алғаш ғылыми айналымға енгізген зерттеуші?

A В.В. Вельяминов-Зернов
B А.К. Левшин
C Р.К. Сулейменов
D К.А. Пищулина
E Б.Е. Көмеков

24 Қазақ хандарының шығу тегі (шежіресі) мен олардың хандары туралы жазылған шайбанилық дерек?

A «Тауарих-и гузида-йи нусрат наме»
B «Фатх-наме»
C «Бабырнама»
D “Тарихи Рашиди”
E «Жами ат-тауарих»

25 Шайбанилық деректер бойынша қазақ хандары Жошының қай баласынан тараған?

A Тұқай Темір
B Орда Ежен
C Шибан
D Бату
E Берке

Көкебаева Г.К.,
тарих ғылымдарының докторы,
ҚазҰУ дүниежүзі тарихы,
Тарихнама және деректану
кафедрасының профессоры

1940 ЖЫЛ: КЕҢЕС-ГЕРМАН ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ БЕТБҰРЫС КЕЗЕҢ

Екінші дүниежүзілік соғыс тарихының көптеген мәселелері зерттеушілердің арасында әлі күнге айтыс-тартыс туғызып келеді. Өйткені бұрын құпия түрде сақталып келген, зерттеушілердің пайдалануына берілмейтін құжаттардың көпшілігі соңғы жылдарда ғылыми айналымға қосылды. Сонымен қатар ғалымдар идеологиялық нұсқаулар мен саяси ағымның бағытына, ресми тыйымдарға жалтақтамай, ғылыми түрде, еркін оймен пікір айту мүмкіншілігіне ие болды. Жаңа деректерді талдау нәтижесінде екінші дүниежүзілік соғыстың, соның ішінде 1938-1939 жылдардағы халықаралық саяси дағдарыстың жаңа қырлары ашылды, Кеңес Одағының осы дағдарыс жылдарындағы сыртқы саясатының «ақтаңдақтарын» ашуға мүмкіндік туды. Осы «ақтаңдақтардың» бірі – соғыс қарсаңындағы және соғыстың бірінші кезеңіндегі кеңес-герман қатынастарының дамуы. Бұл – Ресей тарихшыларының арасында соңғы жиырма жыл бойы пікірталас тудырып жүрген мәселе. Ал Қазақстанда екінші дүниежүзілік соғыс тарихының бір ғана қыры – республиканың жеңіске қосқан үлесі туралы мәселе ғана зерттеледі. Сондықтан Ресейде және батыстағы посткеңестік мемлекеттерде болып жатқан пікірталастарға біздің тарихшылар мүлде қатыспайды. Ресей ғалымдарының өзара пікірталастары және олардың Балтық мемлекеттерінің, Польшаның ғалымдарымен дау-айтыстары екі жақтан да жаңа деректер, жаңа дәлелдер табу негізінде жүріп жатыр. Алайда қазіргі Ресейдің Польшамен және Балтықтың шығыс жағалауындағы елдермен қатынастарына сонау 1939 жылғы оқиғалардың салқыны тиетін болғандықтан соңғы жылдарда бұл мәселені зерттеу шектеле бастады. Біз бұл мәселелерге әділетті түрде қарап, айтысушы жақтардың бір де біреуін ақтамай-жақтамай немесе қараламай, нағыз шындықтың бетін аша алар едік. Өйткені соғыс тарихындағы даулы мәселелер кеңес өкіметінің сыртқы саясатындағы екіжүзділіккке байланысты. Ал кеңестік кезеңде Қазақстан және басқа республикаларға Кеңес Одағының сыртқы саясатын жасауға қатысу, оған ықпал ету, сыртқы саясаттық шешімдер кабылдау құқығы берілген жоқ. Демек, Кеңес Одағының сыртқы саясаттық қателіктеріне одақтас кеңестік республикалар жауапты емес. Олай болса, шындықтың бетін ашуға ұмтылған зерттеуші Қазақстан мемлекетінің беделіне нұқсан келтірмейді. Алайда Қазақстанда Кеңес Одағының дүниежүзілік соғыстар аралығындағы сыртқы саясаты мен екінші дүниежүзілік соғыс тарихын зерттеу саласы әлі қалыптасқан жоқ. Осыған орай бұл мақала Германия мұрағаттарының материалдарын және басылып шыққан ресми құжаттарды пайдалана отырып, 1940 жылғы кеңес-герман қатынастарының тарихын зерттеу және екінші дүниежүзілік соғыс тарихының қазақстандық тарихнамасының қалыптасуына өзіндік үлес қосу мақсатымен дайындалып отыр.

XX ғ. 30-жылдарының басы халықаралық қатынастардың айрықша шиеленісуімен ерекшеленді. Шиеленістік ахуал ең алдымен Жапония, Италия және Германияның басқыншылық саясатына байланысты болды. Бірінші дүниежүзілік соғыстан орасан зор қиыншылықтарды басынан кешіріп, азап көрген Еуропа қоғамы жаңа соғысты, әскери одақтар құруды қалаған жоқ. Сондықтан Еуропа елдері соғыс қаупіне қарсы әртүрлі бейбіт шаралар мен жекелеме келіссөздерді пайдалануға тырысты. Олар Германияның жекелеген талаптарын орындап, пейілдендіру саясатын қолданды. «Пейілдендіру» саясатын белсенді түрде жүргізген Ұлыбританияның премьер-министрі Невилл Чемберлен болды. Германияны «пейілдендіру» саясаты Мюнхен келісіміне әкелді. 1938 жылы қыркүйекте Мюнхенде

өткен конференцияға Англия, Франция, Германия, Италия басшылары қатысты. Төрт ел басшылары қол қойған Мюнхен келісімі бойынша Судет облысы Германияға берілді. Судет облысынан Чехословакияның жергілікті үкімет орындары, мекемелері, әскерлері көшірілетін болды, ал шекаралық бекіністер, ұшу алаңы, қоймалар, қару-жарақ түгелдей қалдырылады [1]. Чехословакияны бұл масқара келісімді қабылдауға көндірді. У. Черчиль Қауымдар палатасында сөйлеген сөзінде Мюнхен келісімін сынай келіп, «біз соғыссыз жеңілдік» деген өкінішін білдірді. Нацистік Германия Судетті алумен тоқтаған жоқ, 1939 жылы наурызда Чехословакияны бөлшектеп, түгелдей өзіне бағындырып алды да, Прагаға неміс әскерлерін енгізді.

Соғыс қаупі әбден күшейген кезде 1939 жылдың көктемі мен жазында КСРО, Ұлыбритания және Франция арасында басқыншыға қарсы бірігіп күресу туралы келіссөздер жүрді. Егер келіссөздер нәтижелі болып, Еропаның ірі үш елі одақ құрса, онда басқыншының бірден-ақ аса қуатты біріккен күштермен соғысуға мәжбүр болар еді. Алайда өзара көмектесу туралы нақты келісім жасалмай қалды. Келіссөздердің тоқтап қалуына кім айыпты деген сұраққа бүгінгі күнге дейін айқын жауап берілген жоқ. Бұрынғы кеңестік тарихнамада Батыс елдерін және Польшаны айыптау орын алып келген еді. Бұл көзқарас әлі жоққа шығарылған жоқ. Ал шындығында жоғарыда аталған келіссөздердің кенеттен тоқтатылуы Кеңес Одағына Германияның тарапынан жасалған ұсыныстарға байланысты еді.

Германия үш ірі мемлекеттің жақындасуына жол бермеуге тырысты. Ол үшін осы мемлекеттердің Еуропаның кейбір аймақтарына қатысты өзіндік мүдделерін біліп, соған орай әрекет жасау қажет еді. Ал Кеңес Одағының Шығыс Еуропадағы бұрынғы Ресей империясының отары болған, бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін тәуелсіздігін алған Польша мен Балтық елдерін қайта қосып алу ниеті бар екенін байқаған неміс дипломаттары осы факторды ағылшын-француз-кеңес келіссөздерінің жалғасуына бөгет жасаудың құралы деп тапты. 1939 жылдың 14 тамызында Германия Сыртқы істер министрі И. фон Риббентроп Мәскеудегі елші В. фон Шуленбургке жеделхат жіберді. Онда елшіге Сыртқы істер халық комиссары В.М. Молотовқа жолығып, Германияның Кеңес Одағына қатысты ешқандай басқыншылық ниеті жоқ екендігін және КСРО мен Германияның жақындасуына зор мүмкіншіліктер бар екендігін хабарлауды тапсырды. «Империялық үкімет, – деп жазды Риббентроп, – Балтық теңізі мен Қара теңіз аралығындағы кеңістікте екі елді толық қанағаттандырарлықтай дәрежеде реттелмейтін мәселе жоқ деп есептейді. Бұған Балтық теңізі жағалауындағы елдер, Польша, Оңтүстік-Шығыс Еуропа және басқа жерлер туралы мәселелер жатады. Оның үстіне екі жақтың өзара саяси ынтымағы өте пайдалы болар еді». Хаттың соңында И.В. Сталинге Гитлердің тікелей сәлемін жеткізу үшін Риббентроптың Мәскеуге келуіне рұқсат алу қажеттілігі айтылды. Шуленбург келесі күні Молотовпен кездесіп, Риббентроптың сәлемін хабарлады [2]. 1939 жылы 23 тамызда И.В. Сталин мен В.М. Молотов Москвада Риббентропты қабылдады. Келіссөздер жылдам аяқталды, Молотов пен Риббентроп шабуыл жасаспау туралы келісімге және оның құпия хаттамаларына қол қойды. 25 тамыз күні Шуленбург келісімді ратификациялау КСРО Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс сессиясында қаралатынын хабарлады, ал 28 тамызда түнгі сағат 10-да ол Риббентропқа Жоғарғы Кеңестің сессиясы кеңес-герман келісімін ратификациялады деп хабарлады [3]. Келісімнің негізгі мәтіні 6 баптан құралған, ол ашық түрде баспасөзде жарияланды. Ал құпия хаттамалар ұзақ уақыт жарыққа шығарылған жоқ. Келісімнің құпия хаттамасында Германия мен Кеңес Одағының Шығыс Еуропаны ықпал аймағына бөлісуі туралы мәселе қаралды. Финляндия, Эстония, Латвия, Бессарабия және Польшаның Нарев, Висла, Сан өзендерінен шығысқа қарай жатқан жерлері Кеңес Одағының ықпал аймағына берілді.

1939 жылы 1 қыркүйекте Германия Польшаға соғыс жарияламастан шабуыл жасады. 3 қыркүйекте Ұлыбритания мен Франция Польшамен одақтастық міндеттерін орындау мақсатымен Германияға соғыс жариялады. Осылайша екінші дүниежүзілік соғыс басталды. 17 қыркүйекте кеңес әскерлерінің 600 мыңдық тобы Польшаның шығыс аудандарына басып кірді. Молотов сол күні радиодан берілген сөзінде бұл әрекет Батыс Украина мен Батыс Белоруссияның халқын қорғау мақсатын көздейді деп мәлімдеді. Кеңес әскерлерінің Польшаға басып кіруі, шын мәнінде, 1939 жылдың 23 тамызындағы кеңес-герман келісімінің құпия хаттамасында көрсетілген Шығыс Еуропаны ықпал аймағына бөлісуді іске асырудың бастамасы болатын.

1940 жылы Германия Англиямен қызу шайқастар жүргізіп жатқан күндердің бірінде – 26 қыркүйекте Германияның Мәскеудегі елшілігінің жауапты қызметкері К. Типпельскирх В.М. Молотовқа жолығып, Германия, Италия және Жапония арасында Үштік пактіге қол қойылатынын хабарлады [4]. Бұл кезде Кеңес Одағының басшылары Германияның кеңес жағымен санаспай Венгрия мен Румыния арасындағы территориялық дауға араласып, Венгрияны қолдағанын ұнатпай отырған еді. Сондықтан Молотов Риббентроптың атынан айтылған хабарға рахмет айтқан соң, іле-шала Германия «өзара шабуыл жасаспау туралы» келісімнің 3-бабын бұзды деген айып тақты (1939 жылғы 23 тамыздағы келісімнің 3-бабы бойынша екі ел олардың ортақ мүдделеріне тиісті мәселелерді қозғағанда бір-бірімен кеңесіп отыруға тиісті болатын). Демек, Германия мен Кеңес Одағы арасындағы қатынастарға салқындық сызаты түсе бастаған еді.

Германия, Италия және Жапония арасындағы Үштік пакт 1940 жылы 27 қыркүйекте жасалды. Келісімнің мәтіні қысқа ғана, алайда мақсаты тым-ақ «зор», ол осы үш басқыншы мемлекеттің бүкіл дүниежүзін ықпал аймағына бөлісу жобасы болатын. Келісім бойынша Еуропада Германия мен Италияның, ал «Ұлы Шығыс Азия кеңістігінде» Жапонияның ықпалы орнауға тиісті болды. Осы келісімнің 5-бабында «Германия, Италия және Жапония бұл келісім оған қатысушы үш мемлекеттің әрқайсысының Кеңес Одағымен арасындағы қазіргі кезеңдегі қалыптасқан саяси қатынастарға әсерін тигізбейді», – деген жолдар болды. Бұл Германияның Кеңес Одағымен 1939 жылы тамызда басталған қатынастарын жалғастыруға ниеттеніп отырғанын көрсетті.

Германияның Сыртқы істер министрі Риббентроп сол жылдың 13 қазанында Сталинге хат жолдады. Хатта Кеңес Одағының осы Үштік пактіге қосылу және дүниежүзін ықпал аймағына бөлісуге қатысу туралы ұсыныс жасады. Риббентроп хатын: «Фюрердің пікіріне сәйкес Төрт Державаның тарихи міндеті олардың ұзақ мерзімді саяси мақсаттарын өзара келісу және әрқайсысының ықпал аймақтарын анықтай отырып, өз халықтарының болашағын дұрыс жолға бағыттау екендігін айтқым келеді. Егер Молотов мырза біздің халықтарымыздың болашағы үшін шешуші маңызы бар мәселелерді талқылау ниетімен Берлинге арнайы сапармен келетін болса, біз аса разы болып қалар едік. Империялық үкімет атынан мен оған шын жүректен шақыру жолдаймын. Мен өзім арнайы сапармен Мәскеуге екі мәрте барып келгендіктен, Молотов мырзаны Берлинде көру маған айрықша жағымды әсер қалдырары сөзсіз. Сонымен қатар бұл сапар Фюрердің екі елдің арасындағы қатынастардың болашақтағы даму сипаты туралы өзіндік пікірін Молотов мырзаға тікелей айтуына мүмкіндік берер еді» [5], – деген сөздермен аяқталды. 21 қазанда В. Молотов Германияның елшісі В. Шуленбургке Сталиннің жауабын тапсырды. Сталин: «біздің елдеріміздің арасындағы қатынастарды одан әрі жақсарта түсу өзара ұзақ мерзімді мүдделеріміздің шегін анықтауға негізделуге тиісті» деп мәлімдеді» [6].

1940 жылдың қараша айында осы мәселені талқылау үшін Берлинге КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы В.М. Молотов басқарған делегация келді. 12-13 қарашада В. Молотов Герингпен, Гесспен, Риббентроппен және Шуленбургпен жекежеке кездесті. В. Молотов пен Гитлердің арасында екі рет кездесу болды. Кеңес Одағының Үштік пактіге қосылуы туралы мәселе негізінен Молотовтың Гитлермен және Риббентроппен кездесулерінде талқыланды. Гитлер сөзін сол кездегі екі елдің жағдайын суреттеуден бастады: «Қазіргі сәтте Германия соғысып жатыр, ал Кеңес Одағы соғыс жағдайында емес... Осы соғыстан кейін тек Германия ғана емес, Ресей де үлкен табыстарға жетеді. ...Егер осы екі халық бірлесе әрекет жасаса, үлкен жетістік болатыны сөзсіз, егер олар бір-біріне қарсы шықса, онда үшінші біреу жеңеді» [7]. Молотов Гитлердің бұл мәлімдемесін дұрыс деп табады және оның дұрыстығын тарихтың өзі дәлелдеп отыр дейді. Гитлер екі елдің арасында болашақта жалғаса беретін қарым-қатынастардың болуын қамтамасыз ету керек деп санайды. «Болашақ даму мәселесін бірлесіп шешу екі халықтың да мүдделеріне сәйкес келеді. ...Азияда Германияның ешқандай мүдделері жоқ екенін бірден-ақ ескерткім келеді. Өйткені ол аймақтың болашағы Жапонияға қатысты шешіледі. Ақылдың тезіне салсақ, Азияда европалық мемлекеттердің отарлар иеленуіне жол бермейтін халықтық күштер бас көтеруі мүмкін. Ал Еуропа мәселесіне келсек, онда біз Ресейге, Германияға және Италияға теңізге шығу мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет», – дейді ол. Гитлердің ұзаққа созылған сөзінде АҚШ Англияға көмек

көрсетейін деп отырған жоқ, ол Англияның отарларын басып алғысы келіп отыр деген ойлар да айтылды [8]. Молотов Үштік пактінің Кеңес Одағы үшін қандай маңызы бар екенін және осы келісімде аталған Ұлы Шығыс Азия кеңістігінің шекаралары қандай болатынын, «Еуропадағы жаңа тәртіп» дегеннің мәнін сұрады. Сонымен қатар ол мемлекеттік мүдделер тұрғысынан қарағанда Қара теңіз бен Балқан, Румыния мен Болгария, Түркия туралы өзекті мәселелерді де қарастыру қажеттігін ескертті. Гитлер Кеңес Одағы өзінің Еуропадағы және Ұлы Шығыс Азия кеңістігіндегі мүдделерін анықтауға тиісті екендігін ескертті.

Риббентроп 13 қарашадағы кездесуде Германия, Италия, Жапония (Үштік пактіге қол қойған елдер) және Кеңес Одағы арасында ынтымақтастық келісімін жасау мәселесін көтерді. Ол 4 баптан тұратын келісім жобасын және оған қосымша құпия хаттама жасауды, сол хаттамада Кеңес Одағының мүдделерін көрсетуді ұсынды. Жоба «Үштік пакт мемлекеттерінің: Германияның, Италияның және Жапонияның Үкіметтері бір жағынан, КСРО Үкіметі – екінші жағынан, өздерінің Еуропадағы, Азиядағы және Африкадағы мүдделерінің табиғи аймақтарында барлық мүдделі халықтардың тұрмыс жағдайын жақсартуға мүмкіншілік беретін жаңа тәртіп орнату және осы мақсатқа жету үшін өзара ынтымақтасудың мызғымас іргетасын жасау ниетімен былайша келісті» деген сөздермен басталған. Жобада аталған төрт мемлекеттің ықпал аймақтарындағы мүдделерін өзара құрметтейтіні, Германия; Италия және Жапония Кеңес Одағының қазіргі шекараларын мойындайтыны және құрметтейтіні атап көрсетілді. Төрт мемлекет осылардың біреуіне қарсы бағытталған мемлекеттер одағына қосылмауға және қолдамауға міндеттенеді. Жобаға қосымша екі құпия хаттама болуға тиісті [9]. Біріншісінде төрт мемлекеттің әлемдегі ықпал аймақтары көрсетілді. Кеңес Одағының ықпалы «Ұлы Шығыс Азия кеңістігінің» Үнді мұхитына дейін созылып жатқан оңтүстік бөлігінде (Ұлыбританияның иеліктері орналасқан аймақ) орнауға тиісті. Бұл ұсыныс Гитлердің Кеңес Одағын Англияға қарсы айдап салуға тырысқанын көрсетеді. Ал Кеңес Одағын Азияның оңтүстік-шығысындағы жерлер қызықтырған жоқ, ол Парсы шығанағы ауданы мен Еуропадағы ықпал аймағын кеңейткісі келді. Екінші құпия хаттамада Түркияны саяси ынтымақтастыққа шақыру, Кеңес Одағына Қара теңіздің бұғаздарына соғыс-теңіз күштерін емін-еркін өткізуге құқық беру туралы мәселе көтерілді.

Молотовтың Гитлермен екінші кездесуінде әңгіме 1939 жылғы кеңес-герман келісімдерінің Шығыс Еуропаны ықпал аймағына бөлісу туралы құпия хаттамаларының орындалу нәтижелерін талқылаудан басталды. Гитлер Кеңес Одағының Балтық жағалауындағы елдерді, Солтүстік Буковинаны өзіне қаратып алуына келісті де, кеңес өкіметінің бұл жерлердегі әрекетіне мүлде араласқан жоқ, кеңес-фин соғысы кезінде Германия Кеңес Одағына тілеулестік сипаттағы бейтараптылық сақтады деді [10]. Гитлердің бұл сөзі және 13-қарашадағы кездесуде айтылған сөздердің барлығы кеңес-фин соғысының «Финляндияның Кеңес Одағына жаулығы және Германиямен жақын болуынан» емес, кеңес-герман жақындығынан туғанын көрсетеді.

Молотов Гитлердің ұсыныстарын Сталинге жеткізіп, кейін бірлесе отырып жауабын беретін болды да, елге қайтты.

26 қарашада Молотов Шуленбургке Кеңес Одағының жауабын тапсырды. Құжаттың мәтініне көз жіберейік:

«КСРО Риббентроп мырзаның В.М. Молотовпен 1940 жылдың 13 қарашасында Берлинде болған кездесуде ұсынған төрт мемлекеттің саяси ынтымақтастық және өзара экономикалық көмек туралы 4 баптан тұратын пактісін мынадай шарттар орындалған жағдайда негізінен қабылдауға келіседі:

1. 1939 жылғы кеңес-герман келісімі бойынша КСРО ықпал аймағы болып табылатын Финляндиядан герман әскерлері дереу шығарылады, соған орай КСРО Финляндиямен бейбіт қатынастар орнатуға және Германияның Финляндиядағы экономикалық мүдделерін (ағаш, никель алу) қамтамасыз етуге міндеттенеді.

2. Алдағы уақытта КСРО-ның қара теңіздік шекараларының аймағында жатқан Болгария мен КСРО арасында өзара көмектесу туралы келісім жасау арқылы КСРО-ның Бұғаздардағы қауіпсіздігі дереу қамтамасыз етіледі және Босфор мен Дарданелл аудандарында ұзақ мерзімді жалға беру негізінде КСРО әскери-теңіз базалары құрылады.

3. Батуми мен Бакуден оңтүстікке қарай Парсы шығанағы бағытында жатқан аудандар КСРО-ның мүдделі аймақтарының орталығы ретінде мойындалады.

4. Жапония Солтүстік Сахалиндегі өзінің концессиялық құқықтарынан әділетті төлем негізінде бас тартады» [11].

Құжатта осы өзгерістерді Риббентроп ұсынған құпия хаттамаларға кіргізіп, жобаға өзгерістер енгізу мәселесі айтылды. Егер Түркия төрт мемлекет келісіміне қосылудан бас тартса, онда осы мемлекеттер Түркияға қарсы әскери және дипломатиялық шаралар қолдану туралы арнайы келісім жасауға тиісті деп көрсетілді.

1941 жылдың 23 қаңтарында Германиядан жауап келді. Онда Германия үкіметі Молотовқа Берлинде айтылған идеялардан бас тартпайтыны, ал кеңес үкіметінің ұсынысын Италиямен және Жапониямен бірлесе отырып талқылаған соң қайтадан саяси келіссөздерді жалғастыратыны туралы айтылды. Алайда бұл «шығарып салма» жауап еді. Өйткені кеңес үкіметінің ұсыныстары Гитлерге ұнамады. Осылайша екі жақ ықпал аймағын бөлісу мәселесінде келісе алмады. Гитлер алдын ала жасалып дайын тұрған «Барбаросса» жоспарын түпкілікті бекітіп, 18 желтоқсанда қол қойды. (Әрине, бұл жағдайды Германияның Кеңес Одағына шабуыл жасауының негізгі себебі деуге болмайды, өйткені оның себептері тым тереңде жатыр, алайда бұл біздің мақаламыздың тақырыбы аясына кірмейді). Қорыта келгенде, неміс деректері дүниежүзілік соғыстар аралығындағы кеңес-герман қатынастарының құпиялары әлі де баршылық екенін көрсетеді.

Нурмуханова А.З., к.т.н.
Куйкабаева А.А., доктор Phd
Оспанова Ш.С., доктор Phd
КазНУ имени аль-Фараби,
физико-технический факультет,
кафедра теплофизики и технической физики

АНАЛИЗ НЕПРЕРЫВНОЙ ПОДГОТОВКИ В ОБЛАСТИ ФИЗИКИ СПОСОБСТВУЕТ УСПЕШНОМУ ОСВОЕНИЮ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ ДИСЦИПЛИН

В последние годы современное Казахстанское образование претерпевает многочисленные перемены на всех его уровнях: вводятся новые образовательные стандарты и для среднего и для высшего образования, новый Закон «Об образовании в Казахстане», внедряются новые требования к осуществлению деятельности образовательного учреждения и самого образовательного процесса, появляются новые требования к результатам обучения. Все это в разной степени влияет на взаимосвязь всех ступеней образования. Поэтому актуальным является вопрос о сохранении и достижении качества образования на всех его этапах через преемственность и непрерывность образовательного процесса.

1. Система качества при непрерывной подготовке учителя физики

На каждой ступени образования происходит достижение требуемых образовательными стандартами результатов и формирование соответствующих компетенций. Так по окончанию средней (полной) школы, обучающиеся должны достичь требований предметных, мета-предметных и личностных результатов, а также сформированность предметных, специальных и ключевых компетенций. Достижение школьниками данных результатов является основой для дальнейшего обучения в вузе и формирования компетенций бакалавра.

В тоже время сформированные компетенции на уровне бакалавриата по направлению «Педагогическое образование», профиль «Физика», являются фундаментом для обучения в магистратуре и формирования компетенций магистрантов. Получение степени магистра по направлению «Педагогическое образование» не является конечным в системе непрерывного образования при подготовке учителя физики. Все педагоги как средних, так и высших учебных заведений должны постоянно повышать свою квалификацию, чтобы владеть информацией о всех нововведениях в образовательном процессе и знать современные методы и формы организации и управления им. Кроме того, преподавателями проводится работа и со студентами-практикантами, обучающимися по двухуровневой системе подготовки.

Повышение квалификации преподавателей, получивших образование по специальности, необходимо, так они должны овладеть навыками работы, такими, которыми овладевают бакалавры и магистры в вузах, подготовленные к работе в новых условиях, когда педагог становится не источником знаний, а управленцем образовательным процессом, проводником в мир знаний. Пройдя подготовку на курсах повышения квалификации, преподаватели не только овладевают новыми знаниями, умениями и навыками в своей профессии, но и повышают свою компетентность.

Все ступени образования взаимосвязаны между собой и оказывают влияние друг на друга. Набор формируемых компетенций на каждой ступени образования является стержневой основой для последующих этапов повышения уровня и качества образования и профессионализма.

Непрерывную ступенчатую систему образования можно представить в виде спирали качества образования (рисунок 1).

Нами под спиралью качества образования понимается система непрерывной связи образовательных, воспитательных и управленческих видов деятельности, влияющих на качество обучения на всех

уровнях образования, ориентируясь на потребности общества и удовлетворенность потребителей образовательных услуг.

Организация системы непрерывного образовательного процесса, заданного спиралью качества, включает возможности изменения направления траектории формирования компетенций, как снизу вверх, так и сверху вниз. В настоящее время эти возможности определяются переходным этапом в системе образования. Двухуровневое образование еще развивается, еще не закончена полностью подготовка преподавателей по специальностям «Физика с дополнительной специальностью информатика или английский язык», «Математика с дополнительной специальностью физика». Имеются учебно-методические пособия по формированию компетенций бакалавров, успешно используемые в учебном процессе при подготовке этих специалистов. К тому же для повышения своей квалификации продолжают образование в магистратуре по очной форме обучения.



Рисунок 1 – Качество компетенции

В рамках второго этапа экспериментальной образовательной программы внутри бакалавриата физического факультета по направлению «Физика» были сформированы две специализированные учебные группы «Физика и компьютер» и «Физика – мультимедиа – Интернет», основу которых составили выпускники первой ступени программы. Полученная на первой ступени подготовка в области программирования и Интернет-технологий позволила учащимся специализированных групп первого курса активно включиться в работы по созданию электронных обучающих ресурсов. К этому времени фокус интересов разработчиков электронных обучающих ресурсов переключился на новые возможности работы в режиме удаленного доступа, предоставляемых сетевыми и мультимедийными технологиями. В связи в перспективами использования в режиме удаленного доступа была существенно пересмотрена концепция электронного учебника по физике. В качестве базы для его развития было признано целесообразным использование стандарта HTML, а интерактивные моделирующие программы начали разрабатываться как Java-апплеты. Важной особенностью, отличающей их от теперь уже многочисленных аналогов, является исключительно высокий уровень интерактивности, позволяющий удаленному пользователю не только изменять количественные параметры моделируемой системы, но и определять ее качественный состав, по существу создавая свой собственный оригинальный компьютерный эксперимент. Важным дополнением к образовательным ресурсам явилось включение в сборник аудио-треков фрагментов реальных лекций, читаемых для школьников на физическом факультете и видеозаписей реальных экспериментов и явлений природы, трудно воспроизводимых в аудиторных условиях.

В рамках новой концепции была разработана серия электронных мультимедийных сборников «Физика – модель, эксперимент, реальность», каждый из которых был посвящен одному из относительно обособленных разделов современной физики. Дальнейшие разработки новых сборников серии продолжаются по настоящее время. Перечисленные образовательные ресурсы нашли широкое применение для информационной поддержки преподавания физики на младших курсах высших учебных заведений физико-математического профиля и их подготовительных отделениях. Наглядность компьютерных моделей позволила их использовать при чтении курсов «Концепции современного естествознания» для студентов нефизических специальностей.

Активная работа участвующих в проекте преподавателей и учащихся послужила основой для успешной реализации целой серии новых проектов, выполняемых в рамках экспериментальной программы:

«Создание информационно-обучающего сервера «Физика для школ через Интернет»;

«Информационная поддержка традиций школы преподавания физики»;

«Создание мультимедиа сборника «Физика: модель, эксперимент, реальность»;

«Организация дистанционных курсов подготовки абитуриентов для элитарных ВУЗов физико-математического профиля;

«Создание информационно-обучающего портала;

«Онлайн-курсы Задачи механики»

Процесс организации физико-математических классов с участием вузовских преподавателей как учителей профильных дисциплин или как преподавателей факультативов в школах продиктован требованием времени, носит инновационный характер и знаменует собой интенсивный процесс интеграции вузовского и школьного образования. В первую очередь, привлечение вузовских преподавателей ликвидирует разрыв между содержанием физического знания учебников и фактическим состоянием науки на данный момент (отставание программного материала учебников – объективный процесс, разрыв составляет около 10 лет). Большим плюсом такой интеграции является и то, что школьные учителя физики, работая в постоянном контакте с вузовскими преподавателями, непрерывно повышают своё профессиональное мастерство и квалификацию (в постоянной стажировки). ФМК являются условием, институциональной формой осуществления подготовки будущих специалистов-физиков с целью дальнейшего успешного обучения на физических и физико-технических факультетах в вузах страны и получения квалификации «Физик» по окончании вуза.

Бөлегенова С.Ә., ф.- м.ғ.д., профессор
Оспанова Ш.С., PhD докторы
Нұрмұханова А.З., т.ғ.к.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ физика-техникалық факультеті
жылу физика және техникалық физика кафедрасының меңгерушісі

ЖАППАЙ АШЫҚ ОНЛАЙН КУРСТАРЫНА ТАЛДАУ

Қашықтықтан білім берудің заманауи тенденциясы – бұл **жаппай ашық олайн курстары** (**ЖАОК**). Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті OpenEdx ашық платформасында ЖАОК енгізуден Қазақстандағы университеттер ішіндегі көшбасшысы болып отыр.

2014-2015 оқу жылынан бастап әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қашықтықтан білім беру орталығы оқытушылық-профессорлық құраммен бірлесе отырып, ЖАОК құру жұмысын бастады және қазіргі уақытта http://open.kaznu.kz мекен-жайы бойынша Open edX жүйесінің негізінде жеке ЖАОК платформасының жұмысы жанданып жатыр.

2015 жылдың 1 қазанынан бастап бірінші рет «Теория вероятности» және «Физические задачи с В. Кашкаровым» атты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жетекші оқытушыларының алғашқы ашық сабақтары жүргізіле бастады. Бұл курстарға Қазақстанның түрлі аймақтарынан 250-ден 500-ге дейін тыңдаушылар жазылды. Бұл курстарда негізінен ҚазҰУ-дың 1-2 курс студенттері, Назарбаев зияткерлік мектебінің, мамандандырылған физика-математикалық және жалпы мектептерден жоғарғы сынып оқушылары қатысты. Деректерді талдау осы курстарға деген үлкен қызығушылықты оқытушылар құрамы мен университет қызметкерлері тарапынан осы бағытта жұмыс жалғастыруға ынталандырудың артуынан байқауға болады. 2016 жылдың маусым айының соңына қарай жүйеде 2 мыңнан астам тыңдаушы тіркелді.

Жаңа білім беру бағдарламалары негізінде университеттің білім беру қызметтерінің ұшқырлығын арттыру мақсатында «e-learning» дамыту бойынша іс-шаралар кешенін іске асыру және қашықтықтан оқыту технологияларының (ҚОТ) базасында кадрлар даярлау үшін ЖАОК ұлттық платформасының жұмысын ұйымдастыру және қашықтықтан білім беру орталығының жұмысын күшейту шеңберінде университет басшылығы құрамында ұлттық платформаның жобалық офис деңгейінде жаппай ашық онлайн курстар орталығы құрылған, «Қашықтықтан білім беру орталығы» құрылымдық бөлімін «Қашықтықтан білім беру институтына» өзгерту туралы шешім қабылдады.

Есеп беру мерзімінде ЖАОК курстарына кестеге сәйкес 1017 тыңдаушы тіркелген. Зерттеу нәтижесі тыңдаушылардың көп бөлігі «Физические задачи с В. Кашкаровым» курсына қатысқандығын көрсеткен. Сондай-ақ, «**Физические задачи с доцентом В. Кашкаровым**» курсы бойынша толық оқып аяқтаған және 50% шекті өткен тыңдаушылар көп және белсенді тыңдаушылардың 46% құрайтынын атап өткен жөн.

«**Физические задачи с доцентом В. Кашкаровым**» курсында нақты есептерді шешу мысалында физикалық модельдерді талдаудың зерттеулік әдістемесі бейнеленеді. Аталмыш әдістеме мектептер үшін дәстүрлі емес элементтерден – өлшемділіктерді талдау, шекті жағдайларды талдау және симметрия ережелерінен құралады. Мұнда нақты есепті шешу барысындағы пайымдау логикасына баса назар аударылады.

Курс жетекшісі Кашаров Владимир Васильевич – Новосібір мемлекеттік университетінің жанындағы Новосібір физика-математика мектебінің түлегі. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 1972 жылдан бері доцент қызметін атқарып келеді.

Курстың негізгі ақпараты бейнесюжеттерге шоғырланған. Оларда нақты физикалық есептерді мысал ретінде ала отырып, ұқсастық пен өлшемділік талдауларын, шекті жағдайлар мен симметриялық талдауларды ұштастыра отырып, есептерді шешу әдістемесі ұсынылған. Кәсіби физиктер бұл әдістермен бұрыннан таныс, әрі оны ғылыми зерттеулерде табысты түрде қолданып келеді. Алайда, өкінішке орай, мектеп пен жоғары оқу орнына дейінгі білім беруде

аталған әдістерге тиісті көңіл бөлінбейді, дегенмен тәжірибе көрсеткендей, берілген әдістерді меңгеру үлкен қиындық тудырмайды, тіпті, артықшылықтары да ұшан-теңіз. Кейбір күрделі есептерді жоғарыда айтылған тәсілдердің көмегімен жеткілікті шапшаң, әрі жеңіл шешуге болады.

Бейнесюжеттер тақырыптар мен әдістер бойынша біріктірілген он шақты тараумен бекітілген. Оларды көру барысында қатаң жүйе болмаса да, бірінші және екінші тараулардың сюжеттерін алдымен көруге кеңес беріледі. Әрбір сюжетті көріп болған соң мынадай сауалдарды өзімізді пысықтау үшін туындайтын сауалдар бар: берілген есепті шешу үшін қандай жаңа әдістер қолданылды; есепті шешу барысында қай тұстары аса ұнамды болды; қандай жаңа нәрсені үйрендіңіз.

Аталған әдістерді кез келген есепті шешуге қолдануға болады. Сонымен қатар курс авторы бейнесюжеттің көрермендерінен жалпы курс туралы және әрбір шығарылған есепке қатысты ой бөлісуді ұсынады. Осы мақсатта дискуссия блогында болған сюжетке қатысты ой-пікір таластыруға мүмкіндік берілген. Сондай-ақ, аталған сауалдарды ұжымның арасында әріптестермен де талқылауға әбден болады.

Сариева А.Қ., п.ғ.к., доцент м.а.
Данлыбаева А.К., ф.-м.ғ.к., аға оқытушы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
жылу физикасы және техникалық физика кафедрасы

ФИЗИКА САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІН БЕЛСЕНДІРУ

Физиканың табиғат заңдарын терең түсіндіруінің арқасында, ол ғылым ретінде қоршаған ортаны жіті танып, жан-жақты көзқарастар қалыптастырған адам баласының тыныс-тіршілігінің басқа да көптеген салаларына әсер етуде. ТМД және шет елдер тәжірибесінде физика ғылымының орта мектепте пән ретінде орны мен маңызын ғылыми-техникалық прогрестің келер онжылдықтағы жетістіктеріне байланысты бағалау қабылданған. Мәселен, бұл жөнінде халықаралық сарапшылардың болжамы мынандай: адам қызметінің барлық сферасына компьютерлер енеді; миллиондаған мамандықтар лазерлер мен роботтармен байланыста болады; адам қызмет сферасының кеңеюі (денсаулық сақтау, гигиена, өндіріс, ауыр және жеңіл өнеркәсіп, күрделі индустриялық әскери жабдықтар және т.б.) жаңа технологияларды енгізілуімен байланысты болады.

Қазіргі кездегі білім саласында болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтарға қарамастан, физиканың пән ретінде атқаратын осындай ауқымды міндеттері әлі де шешімін қажет ететінін көрсетеді: оқушылардың басым көпшілігінің физикаға қызығушылығы енжар, ал сабақтар әлі де орындаушылық бағытын ұстануға бейімдейтін дәстүрлі әдістермен жүргізілуде.

Физика пәнінің мазмұны мен әдістемелік жүйесінің қоғам дамуының жаңа кезеңдерінде құрылымы жағынан да, мазмұндық жағынан да үнемі жетілдіріліп отырылуын отандық ғалымдардың да бірқатар зерттеу еңбектерінен аңғарамыз Белгілі әдіскер Л.И. Иванованың (1) есепті шығаруға қатысты: «...есеп шығару сабағы көбіне оқушылардың бірсарынды іс-әрекеттерін қалыптастырып, оларды шаршатып жібереді…» деген пікірі орынды. Бұл ойды «Бүгінгі сабақта не өттің?» деген сұраққа көп жағдайда оқушының: «Ештеңе де, тағы да есептер шығардық» деп жауап беруі растайды. Қазіргі кезде мектепте физиканы оқыту үдерісінде дамыта оқыту теориясы ерекше орын алады. Дамыта оқыту үдерісінде міндетті түрде «жаңа өнім» – «жаңа нәрсе» алыну қажеттігі туралы ой жетекші болып табылады. Мұндағы «өнім» − білім, білік, материалды объект немесе олардың біреуі болуы мүмкін. Шығармашылық есептерге қойылатын талаптарды ескеретін болсақ, онда оқыту үдерісіне іс-әрекеттік тұрғыдан келу қажеттігі туындайды. Мұнда алынған «өнімнің» қасиеттерін іс-әрекеттің мақсатында көрсетілген қасиеттерімен салыстырып, қасиеттер арасында өзгешеліктер болған жағдайда, оның себептері айқындалады. Құбылыстың күнделікті өмірде, тұрмыста, өндірісте және т.б. жерлерде қолдануын жан-жақты қарастырады. Физикалық есептердің мазмұнымен және оларды орындау әдістемесімен айналысып жүрген физик-әдіскерлердің (2,3,4) барлығына ортақ ой – шығармашылық есептің нақты анықтамасы жоқ. Есептің бір оқушы үшін шығармашылық, ал келесі бала үшін қарапайым болатынын үнемі есте ұстаған жөн. Оқу-танымдық іс-әрекеттің арқасында ғана оқушы әлемді, табиғатты, оның заңдарын танып білуінде жаңалықтар ашады, бірақ мұндағы айырмашылық − осы жаңалықтардың субъективтік сипатта болуы. Осы орайда іс-әрекетті бағалаудың критерийі ретінде жалпы «жаңашылдықты» емес, жаңашылдықтың тек білімге қатыстылары ғана алынады.

Есепті шығаруында оқушының өзі үшін жаңа болып табылатын жаңашылдыққа мұғалім үнемі назар аударып, оның іс-әрекетінің дұрыс ұйымдастырылуы мен басқарылуына жауапкершілікпен қарағаны жөн. Осы жерде, егер қарастырылып отырған есептің шешімін шығармашылық деп қарастыратын болсақ, онда физикадағы кез келген есептің шығарылу нәтижесі шығармашылық болмай ма? – деген сұрақтың тууы заңды. Осы сұраққа жауап беру үшін келесі есептерді қарастырайық:

1) Изоляцияланған тұтқаға зарядталған металл шар бекітілген. Шариктің зарядын өлшеу үшін ондағы барлық зарядты толығымен электрометрге беру керек. Осыны тәжірибеде көрсетіңдер.

2) Қандай әдіспен зарядталған өткізгіштің барлық зарядын басқа өткізгішке беруге болады?

Осы екі есептің шешімдерін шығармашылық деп қарастыруға бола ма? Егер есептердің ұсынылып отырған шешімдерімен оқушы бұрыннан таныс болмаса, онда бұл сұраққа нақты жауап беруге болар еді. Шындығында, шешімі бұрын белгісіз болған кез келген есептің (ол физикалық, математикалық, химиялық және т.б. болсын) шешімінің табылуы адам шығармашылығының нәтижесі болмақ. Ал, бұл шешімдердің бұған дейін белгілі болғандығынан ештеңе өзгермейді. Мұнда ең басты мәселе − шығармашылықтың белгісі ретіндегі жаңашылдықтың оқушы үшін субъективтік сипатта болуы.

Бірінші есептегі тапсырманы орындау оқушы үшін аса шығармашылық іс-әрекетті қажет етпейді. Себебі, есептің шартында жасырын немесе белгісіз жатқан физикалық заңдылық жоқ. Тапсырма әдеттегі іс-әрекеттер арқылы орындалады. Екінші есеп қарапайым жолмен берілсе де, тапсырманы орындау үшін оқушыдан ақыл-ойдың және іс-әрекеттің кейбір амалдарын білуін қажет етеді. Мысалы, оқушы электр зарядының бөліну заңдылығын және оны жүзеге асырудың әдіс-тәсілдерін білуі тиіс. Оның үстіне есеп шартында керекті құралдар аталмайды, оны оқушы өз пайымдауынша таңдап алады.

Әртүрлі логикалық ой операциялары мен іс-әрекеттің түрлі амалдарына үйретуде оқушылар бойында ізденушілік, тапқырлық қабілеттері қалыптасып, физикалық түсініктердің мазмұны тереңдейді. Есептердің қолайлы іріктеліп, таңдалып алынуы оқушыларды әртүрлі физикалық құбылыстар мен заңдылықтар арасындағы логикалық байланысты ойлап табуға итермелейді, оқу материалын көзсіз жаттап алудан сақтандырады, физикалық ситуацияларды талдау біліктілігін қалыптастырады және есептерді шешудің түрлі амалдарын бойларына сіңіреді.

Оқушылардың физикаға қызығушылығы мен іс-әрекеттерін белсендіру мақсатында «Мен эксперимент жүргізушімін», «Физикалық құбылысты бақылау», «Ақыл-ойдың күресі» және т.б. аталатын дидактикалық парақтар және басқа да түрлі материалдарды қолдану физика сабақтарының тиімділігін арттыратынын көрсетеді. Физика сабақтарында дидактикалық құралдарды пайдаланудың бір мысалын келтірейік.

Сабақта осындай әдіс-тәсіл амалдарының қолдануы:

– оқушыларды ой операциялары мен іс-әрекеттің түрлі амалдарына үйретуге;

– оқушылар бойында ізденушілік, тапқырлық қабілеттерінің қалыптасуына;

– оқушылардың физикалық түсініктердің мазмұнына терең бойлауына;

– оқушыларды әртүрлі физикалық құбылыстар мен заңдылықтар арасындағы логикалық байланысты ойлап табуға итермелеуге;

– оқу материалын көзсіз жаттап алудан сақтандыруға;

– физикалық ситуацияларды талдау біліктілігін қалыптастыруға;

– есептерді шешудің түрлі амалдарын бойларына сіңірулеріне себептесетіні анық.

Физика сабақтарында оқушылардың іс-әрекеттерін белсендіретін ғылыми таным әдісінің қажетті амалдарына тоқталайық.

Талдау. Бұндай тектес тапсырмалар қалыптастыра алады:

– ұсынылып отырған объектілер немесе параметрлердің ішінен біреуін таңдау;

– есептің құрамындағы негізгі ойды бөліп қарау, математикалық қорытынды жасау, дәлелдеу және т.б.

– машиналардың, двигательдердің, беріліс механизмдерінің жұмыс жасау принципін ажырата білу.

Ал электрлік схемаларда

– ток көзін, электр энергиясын тұтынатын құрылғыларды, өлшеуіш приборларды көрсету;

– есептің шартын талдау және “оқиғаға” қатысып отырған денелерді көрсету, олардың әрқайсысының қандай күйде болатынын суреттеу;

– байқалып отырған физикалық үдерісте себеп пен салдарды көрсету;

– жұмыстың анағұрлым маңызды кезеңдерін көрсете отырып, зерттеу жоспарын құру.

Жинақтау. Осындай біліктіктің қалыптасуына төмендегідей тапсырмалар себебін тигізеді:

– құбылыстардың түрлі аспектілері қарастырылатын жеке тәжірибелерден жалпы қорытынды жасау (мысалы, металдардың өткізгіштігінің температураға байланыстылығы);

– түрлі есептерді шешу үшін әртүрлі оқу жағдайларын туғызу; немесе реферат жазу.



1-сурет – Оқушылардың «Мен эксперимент жүргізушімін» дидактикалық жұмыс парағын толтыру үлгісі

Топтау. Бұл әдіс амалын орындауға мынандай тапсырмалар үйретеді:

– түрлі ақпараттық көзден алынған мәліметтерді, тұжырымдамалар ішінен нақты үдерістерді сипаттайтындарын таңдап алу керек (мысалы, тізбек бөлігі немесе тұйықталған тізбек үшін Ом заңын таңдап алу);

– ұсынылып отырған физикалық жабдықтарды топтай білу – өлшеуіш приборларын бір топқа, физикалық-техникалық қондырғыларды екінші топқа жатқызу;

– шығармашылық есептерді шығару нәтижесінде алынған физикалық заңдардың, құбылыстардың, үдерістердің практикалық қолданылуын жан-жақты қарастыру (табиғаттағы, адам өміріндегі, тұрмыстағы, өндіріс пен техникадағы қолданыстарын);

Индукция. Бұл біліктік амалын мынандай тапсырмалар дамытады:

– бірнеше эксперименттер немесе бақылаулардан қорытынды жасау (мысалы, қайсыбір физикалық құбылыстардың немесе оның пайда болу шарттары туралы);

– бір проблема бойынша келтірілген фактілерден қорытынды жасау;

Дедукция. Осы біліктікті қалыптастыру үшін мынандай тапсырмаларды орындаған пайдалы:

– теорияны пайдалана отырып, сөйлемді толықтыру (егер…), мысалы электрондық теорияға сүйене отырып, дененің қандай күйде болатынын болжау;

– теория негізінде оқушының қайсыбір қойылған мәселе бойынша өз ойын айтып, пікір таластыруы;

– есептердің берілу сипатына қарай оқушылардың түрлі ой-пікірлер ұсынуы;

Жалпылау. Бұл біліктікті қалыптастыруға мынандай тапсырмаларды орындау қажет болды:

– теорияның негізін (анықтама, ұғым, түсінік, идеалды модель және т.б.) ядросын (постулаттар, заңдар, тұрақтылар), салдарын (формула-салдар, практикалық қолдану және олардың байланысы) бөліп көрсете отырып, теорияның құрылымдық сызбасын жасау;

– есепті шығарудың құрылымдық логикалық жүйесін құру, яғни тапсырманы орындауда іс-әрекеттің «тізбегін» бастапқы жағдайдан шығарып түзу.

Оқушылар меңгеруіне тиісті практикалық біліктіктерге қатысты мына фактіге назар аударған дұрыс:

а) практикалық біліктіктің көптеген амалдары жоғарыда аталған ой операцияларымен тікелей байланыста бірлесе өрбиді. Мысалы, эксперименттің орындалуы;

ә) өтіп жатқан өзгерістерді қалай тіркеу керектігі, яғни қай жерге қандай индикаторларды қою керектігі;

б) индукция: мәліметтерді таңдап алу барысында басқа операциялармен қоса келесі амалдар орындалуы қажет:

Талдау:

а) тәжірибеде қандай компонентті ауыстыру, ал қайсысын тұрақты қалдыру керектігі,

б) себептердің және салдарлардың қай жерде екендігін тағайындау үшін қорытынды тұжырымдау үшін.

Синтез:

а) ақпараттық немесе ауызша жауап даярлау және тағы да басқа амалдар.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Браверман Э.М. Физика: наблюдение и эксперименты по методу шаги познания. – М., 1997. – 26 с.

2 Иванова Л.А. Активизация познавательной деятельности учащихся при изучении физики. – М., 2001. – 159 с.

3 Лернер И.Я. Факторы сложности познавательных задач. – М.: Педагогика, 1994. – 248 с.

4 Сариева А.К. Физикалық есептердің дамытушылық функциясын арттыру мәселелері // Білім. Образование. − Алматы. − № 5. − 2007. 33-36 бб.

Харасова М.М.,
преподаватель информатики,
магистр педагогических наук
колледжа КазНУ им. аль-Фараби

УРОК-ИГРА НА ТЕМУ: «ПУТЕШЕСТВИЕ В СТРАНУ ИНФОРМАТИКА»

Цели игры:

Систематизация и обобщение знаний по информатике;

Формирование навыков работы в микрогруппе: умение слушать и слышать других, уважать мнение всех членов группы, отстаивать свою точку зрения;

Развитие творческих способностей личности и логического мышления.

Ход игры:

Разделение участников на две команды (с помощью жребия), объявление правил игры.

Конкурсы.

Подведение итогов.

Сценарий игры:

Вступление.

Учитель: «Сегодня у нас будет не обычный урок, мы совершим путешествие по стране, имя которой «Занимательная информатика». Урок будет проходить в форме игры, участвуя в которой можно узнать много интересного, полезного, проявить свои актерские способности и просто весело провести время. Игра открывает совсем другие стороны информатики, те, на которые не всегда и обращаешь внимание на уроке, при серьезном разговоре об этой сложной современной науке. Для многих из вас игра даст возможность проявить свою любовь к предмету, а для некоторых может стать толчком к заинтересованности». После этого происходит деление учащихся на две команды и разъяснение правил игры.

Конкурсы.

Конкурс лингвистов.

Задание. Придумать как можно больше слов из букв, составляющих слово «Компьютеризация» или «Интерактивность».

Выигрывает та команда, которая составит больше слов за минуту. За каждое слово – 0,1 балла.

Конкурс пословиц.

Задание. Переделать старые пословицы на компьютерный лад. Например:

Лучше маленькая программа, чем большое безделье

Каждая новая программа – это хорошо забытая старая

Не спрашивай программиста старого, спрашивай бывалого

Команды отвечают по очереди, за каждую пословицу – 1 балл.

Конкурс счетчиков.

Устный счет в двоичной системе счисления. Вызываются по одному участнику из каждой команды, которые записывают ответы на доске в двоичной системе счисления.

Задание.

Сколько носов у двух псов? (10)

Сколько хвостов у семи котов? (111)

Сколько ушек у трех старушек? (110)

Сколько ушей у пяти малышей? (1010)

Ответ за каждый верный ответ – 0,5 балла.

Рекламная пауза.

Задание. Прорекламировать по жребию: микрокалькулятор или счеты. На подготовку командам дается 5 минут.

Викторина.

За каждый правильный ответ команда получает по 1 баллу.

Какая марка компьютера является полудрагоценной? (агат)

Программист попал в армию. Какой вопрос он задаст офицеру на команду «По порядку номеров рассчитайся» (В какой системе счисления?).

Какая связь между городом в Англии, ружьем калибра 30х30 и одним из элементов компьютера? (Все они связаны со словом «винчестер»).

Когда появился манипулятор типа «мышь», то для него в русском языке некоторое время использовалось название по имени персонажа известной русской сказки. Назвать имя этого персонажа. (Колобок).

Что общего между папирусом, берестяной грамотой, книгой и дискетой? (Хранение информации).

В каком устройстве компьютера происходит обработка информации? (Процессор).

Двоичное кодирование одного из 256 символов (букв) требует количества информации...? (1 байт).

Какое устройство компьютера может оказывать вредное воздействие на здоровье человека? (Дисплей).

В Древнем Риме использовалось много приспособлений для счета – пальцы рук, узлы на веревке, камешки в желобке, зарубки на палке. Одно из этих приспособлений называлось «калькулюс», от которого произошло слово калькулятор. Что называлось этим словом? (камешки).

Группа компьютеров и связанных с ними устройств, соединенная средствами связи (сеть).

Устройство, преобразующее цифровой сигнал в телефонный и обратно (модем).

Самая мелкая единица информации (1 Бит)

В чем измеряется размер экрана монитора? (дюйм)

Как расшифровывается WWW?

Язык, на котором создаются web-страницы?

Самая популярная глобальная сеть?

«Отгадай ребус!»

Командам предлагается несколько ребусов по теме «Информация и ее свойства», выигрывает та команда, которая отгадает все ребусы. В этом конкурсе команда получает столько баллов, сколько ребусов разгадает (один ребус – 1 балл).

(память) (оператор)

(компьютер) (программа)

(полнота) (дисковод)



(достоверность) (объективность)

Пантомима.

Участникам предлагаются карточки со словами. Каждая команда должна с помощью жестов (без слов) показать, что изображено на карточке. Команда получает 1 балл за каждый угаданный ответ. Возможны баллы за артистичность участников.

Задание.

Принтер.

Программа.

Модем.

Информация.

На подготовку дается от 5 до 10 минут.

Подведение итогов.

Список используемой литературы:

«Современные способы активизации обучения» Т.С.Панина, Л.В.Вавилова. – Москва: ACADEMA, 2006 г.

Молодцов В. А., Рыжикова Н. Б. Современные открытые уроки информатики. 8-11 классы. – Ростов н/Д: изд-во «Феникс», 2002. – 352 с.

Газета «Информатика», – изд. «Первое сентября», №21, 1-7 июня 2002 г. Златопольский Д. М., Внеклассная работа по информатике.

www.1september.ru. Фестиваль методических идей.- Применение элементов игрового компонента на уроках информатики. Емельянова В. В, учитель информатики.

Нұғыманова А.О.,
магистр технических наук,
КазНУ имени аль-Фараби

ОСОБЕННОСТИ РАБОТЫ КУРАТОРА В ВУЗЕ

В наше время главной целью образования становится формирование профессионально и социально компетентной личности, способной к творчеству и самоопределению в условиях изменяющегося мира, обладающей развитым чувством ответственности и стремлением к созиданию. Профессиональные знания, умения и навыки сами по себе являются лишь инструментом, способным принести обществу и человечеству в целом как пользу, так и вред в зависимости от того, каковы нравственные качества профессионала.

Сегодняшний студент представляет собой весьма противоречивую личность: с одной стороны, он под влиянием демократизации общества стал намного свободнее и независимее, а с другой – его общеобразовательная подготовка и культурный уровень резко снизились. Это чаще всего и заводит его в тупик с самого начала учебы. Еще многого не понимая, он с легкостью пропускает лекции и даже практические занятия. Поэтому одна из самых важных и первоочередных задач куратора – убедить студента, что на сегодняшний день самое главное для него – учеба. Необходимо именно на первых курсах пробудить у студентов интерес к учебе: для этого им надо показать интересные стороны как отдельных предметов, так и будущей специальности в целом [1].

Мы можем выделить следующую типологию кураторства:

Куратор (от лат. curator – попечитель), лицо, которому поручено наблюдение. Общепринято мнение, что куратор необходим только на первых курсах с целью помощи в адаптации первокурсников к обучению в вузе. Однако в связи с необходимостью усиления воспитательной работы со студентами повышается роль куратора и круг его задач расширяется.

Относительно круга задач, которые определяют себе сами кураторы, можно выделить несколько типов:

Куратор – «информатор». Куратор предполагает, что его единственной задачей является своевременная передача необходимой информации студентам (о расписании, о медосмотре, о каких-либо мероприятиях и т.д.). Он не считает нужным вникать в жизнь группы, считая студентов взрослыми и самостоятельными.

Куратор – «организатор». Куратор считает необходимым организовать жизнь группы с помощью каких-либо внеучебных мероприятий (вечера, походы в театр и т.д.). В свои обязанности он также включает участие в выборах старосты, чувствует ответственность за происходящие межличностные конфликты в группе и старается включаться в их разрешение.

Куратор – «психотерапевт». Куратор очень близко к сердцу принимает личные проблемы студентов, готов выслушивать их откровения, побуждает к ним, старается помочь советом. Он очень много личного времени тратит на психологическую поддержку студентов, устанавливает слишком близкие контакты и рискует эмоциональным истощением, т.к. круглые сутки предоставлен студенческим проблемам.

Куратор – «родитель». Куратор берет на себя родительскую роль в отношении студентов. Он излишне их контролирует, нередко лишает инициативы. Берет на себя ответственность решать семейные и личные дела студентов, но не с точки зрения психологической поддержки, а как контролирующий родитель, требующий полного подчинения его решениям.

Куратор – «приятель». Куратор заинтересован в том, чем живет студенческая группа, он старается принимать участие во многих групповых мероприятиях. Студенты принимают куратора как члена группы, он пользуется уважением, но ему нередко не хватает необходимой дистанции для того, чтобы в необходимых случаях предъявить требования. Чаще всего к этому типу кураторов относятся молодые преподаватели или аспиранты, выполняющие эту роль.

Куратор – «беззаботный студент». Куратор не считает необходимым вы-

полнять какие-либо обязанности, он нечетко представляет круг своих задач. Он только формально считается куратором, нередко не представляя себе даже его студенческую группу и чем она живет.

Куратор – «администратор». Куратор своей основной задачей видит информирование администрации о пропусках студентов, ведет учет посещаемости, передает студентам требования деканата [2].

Деятельность куратора как вид человеческой деятельности обладает следующими характеристиками: целенаправленностью, мотивированностью, продуктивностью. Основной ее характеристикой является продуктивность. 1-й уровень – непродуктивный. Куратор предлагает студентам самим обращаться по интересующим их вопросам, сам не проявляя инициативы и заинтересованности. 2-й уровень – малопродуктивный. Куратор готов помочь обратившимся студентам, готов проявлять инициативу, но ему не всегда хватает знаний для психологического анализа ситуации и понимания потребностей студентов, для разрешения острых вопросов и конфликтов. Иногда он в силу интуиции действует успешно и сообразно ситуации. 3-й уровень – среднепродуктивный. Куратор владеет некоторыми способами организации и бессистемными знаниями в области психофизиологических особенностей возраста студентов и их потребностях и способах обучения, особенностей разрешения некоторых конфликтных ситуаций. Но он не стремится пополнять свои знания в этой области, они отрывочны и несистематичны. 4-й уровень – продуктивный. Куратор обладает необходимыми знаниями, применяет их и стремится пополнять, понимая их необходимость в связи с возникающими сложными ситуациями. Такие студенты требуют контроля и внешнего управления со стороны педагогов. 5-й уровень – высокопродуктивный. Куратор сложные ситуации рассматривает как задачу для развития студентов и саморазвития. Он не только постоянно пополняет свои знания с целью их применения, но и творчески подходит к сложившимся ситуациям, нередко сам организует развивающие ситуации для студентов [3].

Необходимо помнить, что одна из главных целей социально-педагогического процесса состоит в том, чтобы воспитать самостоятельного и ответственного человека, способного в будущем самостоятельно разрешать возникающие перед ним проблемы. Поэтому контроль и наблюдение за учебной и общественной жизнью студентов должны идти по убывающей – с каждым курсом они должны быть все менее заметными, давая простор целенаправленной активности молодого человека.

Литература

1 Колин К. Человеческий потенциал и социальные технологии в 21 веке // Вестник высшей школы. 2008. – №7. – С. 18-25.

2 Коханец А.И. Условия эффективности кредитной системы обучения в Казахстане. / А.И. Коханец. – Астана, – С. 188.

3 Иренов Г.Н. Потенциал политических знаний и активизация самостоятельной работы студентов / Г.Н. Иренов//НИР ПГУ. – Павлодар, – 2007. – С. 160.

Болосханқызы Бақытгүл,
жылуфизика және техникалық физика
кафедрасының оқытушысы

МАҚТАНЫШЫМ – ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Барша әлемнің екінші ұстазы аталған ұлы адам әл-Фарабидің есімін алған Қазақ ұлттық университеті (ҚазҰУ) есімі аталса кеудемде бір қуаныш лебі сезіледі. Менде, бәлкім, арман жоқ шығар... себебі, мен осы ҚазҰУ қалашығында студенттік өмірімді бастап, бозбала мен бойжеткен болған қызықты ғұмырдың 6 жылын осында өткіздім. Бұл жер – ауылдан қалаға арман қуып келген білімпаз жастардың жиналған ордасы. Санамызға тәрбие мен ілімді құйдырып, үлкен азамат болып өсіп-жетілуімізге әсер еткен қара шаңырақ. Тек шынайы махаббатпен, арман-мақсатпен келген жанға құшағын айқара ашатын ҚазҰУ-ым. Қазірде мен мұғаліммін. Иә, осы алтын ұядан білім алып, оған деген махаббатымды өз еңбегіммен білдірмек мақсатымда ұстаздарымның жолын жалғап сүйікті университетімде болашақ ел тұтқасын берік ұстар жандарға сабақ берудемін. Бұл жерде өткен әрбір сағатымның бос өтпегенін білемін. Себебі, ҚазҰУ – алтын уақытын сарп ететін мақсатсыз жандарға арналмаған. Ендеше, сол жүрегімнің бір бөлшегіне айналған армандар қалашығын сіздерге таныстырып өтейін.

Қазақстан Республикасының үздік оқу орындары бойынша І-орынды алатын ең үздік оқу орны – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. 180 сала бойынша маман даярлайтын университетіміз әлемдік рейтинг бойынша 236-орынды иеленсе, ТМД елдері арасында Ресейден кейінгі 2-орынды алады. 1934 жылы іргетасы қаланған ұлттық университеттің қазіргі күндегі ректоры, осындай үлкен оқу орнын аса жауапкершілікпен басқарып отырған – Ғалымқайыр Мұтанұлы Мұтанов. ҚазҰУ қабырғасында ел мақтаныштары – Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұландар елеулі қызмет еткен. Менің сүйікті ҚазҰУ-імде 2000-нан астам жоғары білікті оқытушылар істейді, соның ішінде 1000-нан астам ғылым докторы мен кандидаты, 100 академик пен 50 философия докторы бар. Әрине, осы жандардың арасында мен де бармын. Осының өзін өзіме үлкен жетістік санаймын.

ҚазҰУ-ға алғаш кіргенде көзге алғаш түсетіні – Ректорат. Бұл жерде ғылыми қызметкерлер, университет басшысы ректор отырады. 15 қабаттық үлкен ғимарат әсемдігімен қатар, биіктігімен адамды шабыттандырады, жетістікке жетуге қанаттандырады. Дәл алдыда әл-Фарабидің ескерткіші орналасқан. Ескерткіштің өзіне дәлдеп назар аударар болсақ ғалым қолына кітапты ұстап ғылымға үндесе, екі жағына біткен қос қанат та білім арқылы жоғары жетістікке жетуге болады дегенді білдіргендей. Сол жақ қанатта Ө. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы бар. 1500 көрерменді еркін сыйғызатын сарайда көптеген мерекелік іс-шаралар өз деңгейінде өтіп тұрады.

«Ең, ең» деген бұл университетте 14 факультет және студенттердің жағдайын барынша қамтамасыз ету үшін салынған 18 жатақхана бар. Жатақханаларда асхана, оқу залы, акт залдарымен қамтамасыз етіліп, түнгі он бірден кейін сыртқа шығуға тыйым салынып, белгілі бір тәртіпке бағынуға жұмылдырады. Бауыржан Момышұлы «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деп айтқандай, біріншіден, тәртіп мәселесі, екіншіден, студенттердің қауіпсіздігі басты назарда болады. Жастардың білім нәрімен сусындауына да өте жақсы жағдай жасалған. ҚазҰУ қалашығынан ерекше орын алып тұрған – ҚазҰУ кітапханасы. Ұлттық кітапханадан кем түспейтін кітаптар мекеніндегі кітаптар саны мен оған келетін студенттер санында шектеу болмайды. Мақтанышпен айтатын қалашықтың тағы бір ғимараты – «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы. ҚазҰУ студентіне керекті барлық нәрсе осы ғимарат ішінде. Университет осынысымен ерекшеленеді. Студенттердің өзін-өзі жетілдіру және басқару, өзгелерге көмек қолын созып, қорғау мақсатында құрылған жеті ұйым бар. Олар: «Сұңқар», «Көмек», «Маслихат», «Студенттер кеңесі», «СББП», «ОПП»,

«Жас Отан». Бұл ұйымдар студенттердің белсенді болуына, көшбасшы болуына септігін тигізеді.

ҚазҰУ – болашақтың мекені, келешекке бастар даңғыл жол. ҚазҰУ – армандар мен айқын мақсаттар ордасы. Сапалы білім мен саналы тәрбиеге қанық болғысы келген әрбір жас біздің университетке келуі тиіс. Мен өткізген жастық шақ, мен өмірімді өткізіп отырған орда. Ол, менің мақтанышым – ҚазҰУ.

3-курс Жылуэнергетика мамандығының студенттерімен

Нұрғалиева Г. Қ.,
«Есеп және Аудит» кафедрасының доценті
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Экономика және Бизнес Жоғары Мектебі

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ – ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

Қазақ мемлекеттік университетінің ашылуы өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы қиыншылықтармен тұспа-тұс келді. Индустрияландыру жылдары өнеркәсіп қауырт қарқынмен дамыды. Күшті қарқынмен өркендеген өнеркәсіп пен ауылшаруашылығына мамандар қажет болды.

1928 жылы Қазақстанда тұңғыш жоғары оқу орны ашылған болатын. Университет әлемдік стандартқа сәйкес білім беруі тиіс еді. Ол жылдары Қазақстан терең білімді оқытушыларға зәру болатын. Сол үшін жоғары оқу орны құрыла салып, педагогикалық институтқа айналды.

Қазіргі кезде Университетте білім беру ісі Болон реформасына сәйкес жүргізіледі, оқытудың кредиттік жүйесі толық күшіне енген, оқу үдерісінің жапсырмасыз ашықтығы, білім алушылардың академиялық ілкімділігі, «бакалавр – магистр – PhD» түрінде үш сатылы мамандар дайындау қамтамасыз етілген.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ТМД университеттері арасында үшінші орында, QS рейтингісі бойынша соңғы екі жылда әлемдегі үздік топ университеттер қатарында, Қазақстан университеттер арасындағы ең үздік университет болып саналады. Университеттің QS рейтингісіндегі позициясы – 236 орын. Өзінің 2014 мерейтой жылында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ұлы ойшылы Әл-Фараби «ақылды қала» ілімі негізделген «Al-Farabi university – smart city» атты бірегей ғылыми-зерттеу және инновациялық жобасы іске асырылып – жаңа университет қалыптастыруға бағытталған.

ҚазҰУ-да екі мыңнан астам жоғары білікті оқытушы жұмыс істейді, оның ішінде 1000-нан астам ғылым докторы мен кандидаты, 100 академик пен елу философия докторы бар,сонымен қатар 7 ғылыми-зерттеу институты, 1 ғылыми-технологиялық парк, 5 институт, 30 әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы ғылыми орталық, 14 факультет, 62 кафедра және 7 департамент жұмыс істеуде. Соның ішінде, Экономика және бизнес Жоғары мектебі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ертеден танымал факультеттерінің бірі. 1949 және 1963 жылдар аралығында Экономика факультетінің ең алғашқы деканы – э.ғ.к., профессор Жеребятьев Федор Алексеевич болған. Осы аралықта факультеттің базасында тәуелсіз халық шаруашылығы ұйымдастырылды. 2010 жылдың қыркүйегінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылыми кеңесінің шешімімен экономика және бизнес факультеті «Экономика және бизнес жоғары мектебі» деп атауын өзгертті.

Факультетте 4 кафедра қызмет істейді. Соның бірі – «Есеп және аудит» кафедрасы. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Экономика және бизнес жоғарғы мектебінің «Есеп және аудит» кафедрасы 2004 жылдың 27 сәуірінде құрылған. **Есеп және аудит саласындағы маман иелері** – банктегі, биржа, қаржылық және сақтандыру компанияларында, инвестициялық қорда және кәсіпорындарды қаржылық басқару қызметтерінде ең негізгі лауазымдарға жұмысқа тұра алады, сонымен қатар жоғары оқу орнында алған білімін жеке әрі тиімді пайдалана алады. Еңбек нарығындағы мамандардың қандай да бір артықшылығына қарамастан, осы саладағы білікті мамандарға әрқашан да, барлық жерде сұраныс бар, себебі бірде бір ұйым тиянақты жолға қойылған бухгалтерлік есепсіз қалыпты әрекет ете алмайды. Коммерциялық және коммерциялық емес жаңа құрылымдардың тіркелуіне орай, бухгалтерлерге де сұраныс өсіп отырады. «Есеп және аудит» мамандығының түлектері қазақстандық және халықаралық компанияларда, ұлттық және жеке компанияларда, қаржы саласында бухгалтер, қаржылық кеңесші, қаржылық директор, аудитор, менеджер, қаржылық

сарапшы қызметін атқара алады. Бухгалтерлік есептің қағидаларын жетік білу жеке бизнесті басқаруда да көмектеседі.

Кафедрада осы аталмыш сала бойынша еңбек етіп келе жатқан Байдаулетов М.Б., Баймуханова С.Б., Джаншанло Р.Е., Байдильдина А.М., Султанова Б.Б, Товма Н.А., Оралбаева Ж.З., Арыстамбаева А.З., Когут О.Ю. және тағы көптеген атақты профессорлар мен оқытушылар жұмыс істейді. Сонымен қатар студенттердің басым бөлігі «Алтын белгі» иегерлері. Көптеген конкурстарға белсене қатысады, 2015 ж. «Есеп және аудит» мамандығының 2-курс студенті – Жаңбыр Сұлтан «Бизнес және білім беру» Жастар Форумы деңгейінде старт-ап-баттылында қатысқаны үшін 3-дәрежелі дипломмен марапатталған.

Қорытындылай келсек, есеп және аудит мамандығының түлектері шаруашылық іс-әрекеттерін бухгалтерлік есеп шоттарына тіркейтін техникалық санақшыдан ұйым экономикасын тиімді басқаруға ықпал ететін тиімді есеп саясатын дайындайтын және жүзеге асыратын шығармашылық тұлғаға айналды.

**Нургалиева Гульнар Казыбековна, к.э.н., доцент кафедры «Учет и аудит»,
Казахский национальный университет
имени аль-Фараби,
Высшая школа экономики и бизнеса**

КАЗНУ – ПЕРВАЯ СТУПЕНЬ В УСПЕШНУЮ ЖИЗНЬ

Казахский национальный университет имени аль-Фараби – первый классический университет нашей страны и первый лауреат Премии Президента Республики Казахстан «За достижения в области качества» среди всех казахстанских высших учебных заведений.

В университете обучаются свыше 16 тысяч студентов со всех регионов нашей страны, а также из ближнего и дальнего зарубежья. Среди студентов нашего университета около 80% являются обладателями знака «Алтын белгі» и победителями республиканских, международных олимпиад и конкурсов.

Профессорско-преподавательский состав КазНУ насчитывает более 2500 человек, среди которых 400 докторов наук, профессоров и более 800 кандидатов наук, доцентов, 200 отечественных и зарубежных докторов философии (PhD).

В этом рейтинге казахстанский вуз является единственным представителем не только стран СНГ, но и Восточной, и Центральной Европы, а также наряду с Сингапуром и Японией представляет весь Азиатский континент.

КазНУ активно развивает с ведущими вузами мира двудипломное образование. Ежегодно более тысячи иностранных студентов и преподавателей выбирают КазНУ для обучения и прохождения научных стажировок.

В 2016 году по итогам ранжирования рейтингового агентства QS (Великобритания), признанного авторитета в области оценки качественных показателей развития вузов, КазНУ поднялся в Топ-300 лучших университетов мира, заняв 236 место.

Это единственный университет с полноценным студенческим кампусом, на территории которого функционирует целый комплекс для полноценного образования и досуга: Центр обслуживания студентов с полным комплексом оказываемых услуг; **спортивный комплекс** с тренажерным залом, спортивными площадками и секциями; медицинский центр, оснащенный современным оборудованием; кинотеатр, сеть читальных залов, крупнейшая в центральноазиатском регионе научная библиотека. На побережье озера Иссык-Куль находится **спортивно-оздоровительный комплекс университета** с благоустроенным пансионатом.

Ни для кого не секрет, что специальность «Учет и аудит» – одна из самых популярных и востребованных. История бухгалтерского учёта столь же стара, как и цивилизация. Еще в 1498 г. император Священной Римской империи Максимилиан I назначил «бухгалтером» Христофора Штехера. Как сказал наш знаменитый соотечественник, один из выдающихся ученых СССР, профессор В.К. Радостовец «Любовь, музыка и бухгалтерский учет вечны!». Сегодня аудиторская деятельность является одной из самых высокооплачиваемых в мире, соответственно она требует высокой квалификации. Специализированная подготовка бухгалтера-аудитора предполагает профессиональную сертификацию. На базе кафедры «Учет и аудит» создан и работает Центр подготовки Практических бухгалтеров, который предоставляет возможность полноценной подготовки к международной сертификации по программе CIPA (Certified International Professional Accountant: Сертифицированный международный профессиональный бухгалтер) еще до окончания обучения и получения диплома.

В КазНУ создана уникальная информационная Интранет-система «Универ», которая обеспечивает высокий уровень автоматизации управления учебным процессом. Доступность и прозрачность Интранет-системы создает совершенно новый уровень защиты от коррупции.

В учебных корпусах, общежитиях университета и на остальной территории студенческого кампуса функционирует беспроводная сеть доступа в **Интернет WI-FI**, крупнейшее в городе и не имеющее аналогов среди университетов СНГ

Интернет-кафе на 300 мест. КазНУ – первый и единственный из вузов Казахстана, награжденный международным агентством Thomson Reuters специальным дипломом «За выдающиеся достижения в области науки».

Об особом международном признании университета свидетельствует создание в КазНУ учебно-научных центров и лабораторий всемирно известных компаний Hewlett-Packard, Cisco, Intel, Konicaminolta, Microsoft. Совместно с зарубежными партнерами из США, Великобритании, Китая, Германии, Финляндии, Японии и других стран выполняются 56 крупных международных научных проектов, финансируемых ИНТАС, МАГАТЭ, ЕС, НАТО, Всемирным банком, ЮНЕСКО.

Бияздыкова К.Ә.,
филос.ғ.к. аға оқытушы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Философия және саясаттану факультеті
Дінтану және мәдениеттану кафедрасы

МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ

Жастар – мәдениетті, дәстүрді, ата-баба мұрасын, дүниетанымын жалғастырушы ұрпақтар. Ата-баба мұрасын қастерлеп, мәдени құндылықтарын сақтай отырып, оны келешек ұрпаққа жеткізу әрбір азаматтың бойындағы міндеті. Әйгілі жазушы Мұхтар Әуезовтің «Ел болам десең – бесігінді түзе» деген сөзінде сан алуан астар бар екені анық. Демек, ұрпақтың дүниетанымы мен рухани байлығының сапалы болуы еліміз үшін маңызды. Осындай ұрпақ үшін маңызды міндеттерді атқару барысында біз жастар жоғарғы білімді бойымызға сіңірген, сапалы білім нәрімен сусындаған азаматтар болуымыз шарт. «Адамды білім сақтайды», – деп А. Йүгінеки айтқандай мәдениеттің озық үлгілерін дамытып, сақтау барысында жастар білімінің, рухани байлығының алатын орны ерекше.

Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің болашағы бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын ел ағасы. Бүгінгі алдыңғы толқын аға буынның орнын басар, ізін жалғастырар артында өсіп келе жатқан жастар екені даусыз. Еліміздің ендігі дамуы мен өркендеуі, келешегі жастарға тікелей байланысты. Әрі білімді, бәсекеге барынша қабілетті, сонымен қатар дені сау, яғни салауатты өмір салтын ұстанған жастар санының артуы еліміздің дамуына жақсы әсерін беретіні анық.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің халыққа Жолдауында: «Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз» деп атап өткен болатын. Мектеп білімін аяқтаған әрбір талапкер жоғарғы білім алу мақсатында, тұлға атағына ие болу үшін студенттік кезеңде жақсы білім алуға тырысады. «Білекке сенген заманда ешкімге есе бермедік, білімге сенер заманда қапы қалып жүрмелік» – деп Абылай хан атамыз айтқандай білекке емес, білімге сенетін заманда қазіргі жастарымыз жоғары білім алуға талпынады. Білімдерін жетілдіріп, еліміздің келешегін дамыту мен көркейтуді алдына мақсат етіп қояды. Осы орайда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінің жанынан құрылған «Мәдениеттану» мамандығының қазіргі таңда алатын орны ерекше. Жалпы, «Мәдениеттану» мамандығының міндеттерінің бірі мәдени құндылықтарды сақтауға, жастар мәдениетін дамытуға, әлем мәдениеттерінің озық үлгілерін тануға, ата-баба дәстүрін жалғастыруға, қазақстандық патриотизмге, төзімділікке, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады. Осы мақсатпен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың студенттері қазақ халқының этностық ерекшеліктерін, тарихы мен мәдениетін, сондай-ақ халықтың батыр ұл-қыздарының ерлік істерін дәріптеп, жастарға патриоттық тәрбие берудің және оны қазіргі жағдайда зерттеудің қажеттілігін меңгеру үстінде.

Жоғары оқу орнында білім алып, студенттік кезеңде жақсы біліммен сусындау университет бағдарламасы мен студенттердің қызығушылықтары мен белсенділіктеріне байланысты болады. «Мәдениеттану» мамандығында білім алып жатқан студенттер университет қабырғасында орын алатын барлық қоғамдық жұмыстарға қатысып, белсенділік танытуға тырысады. Осыған байланысты біздің университетіміздің яғни, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ғалымқайыр Мұтанұлы Мұтановтың бастамасымен ҚазҰУ студенттеріне арналған арнайы жобаларды атап өтсек болады. Атап айтар болсақ: «Айналаңды нұрландыр», «Жаны саудың – тәні сау» «Green Campus», «100 кітап».

Аталмыш жобалар аясында Дінтану және мәдениеттану кафедрасының «мәдениеттану» мамандығының 4 курс студенттерінен құралған «Мәдениет-kz» клубы мынандай іс-шараларды жүзеге асырады:

«Айналаңды нұрландыр» жобасы бойынша «Мәдениет-kz» клубының студенттері қарттар мен балаларға күлкі

сыйлап, оларға қамқор болуға тырысады. Айналасындағы адамдарға шуақ шашып, мейірімді болуға шақырады.

«Жаны саудың – тәні сау» жобасына байланысты студенттер спорттық жарыстарды ұйымдастырып, салауатты өмір салтын ұстануға белсенді түрде атсалысады.

«Green Campus» жобасы бойынша қоршаған ортаны таза ұстауға, табиғатты аялауға шақырады.

«100 кітап» жобасы бойынша студенттер әдеби кітаптарды оқу арқылы рухани байлығын дамытып, сөз саптау өнері мен мәдениетті түрде сөйлеуді үйренеді. «Жаста оқыған оқуың – тасқа жазғанмен бірдей» – деп айтқандай ҚазҰУ студенттері университет қабырғасында білімдерін осы жобалар арқылы жан-жақты жетілдіріп, еліне адал қызмет атқаруды міндет етіп қоя білетін азамат болып қалыптасады. «Болашақ – жас ұрпақтың қолында», демекші біз-жастар ата-баба мұрасына адал бола отырып, отанымыздың дамуына барынша өз үлесімізді қосамыз. Ендеше достар Еуразия жүрегінде орын алған – Қазақстан деген мемлекетіміздің дамуына барынша үлес қосу мақсатында білімді болуға тырысқанымыз жөн. Еліміздің болашағы – білімді, мәдениетті жастар!

Тыныбеков С.Т., з.ғ.д., профессор
Мұқалдиева Г.Б., з.ғ.к., доцент
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
заң факультеті Азаматтық құқық
және азаматтық іс жүргізу,
еңбек құқығы кафедрасының меңгерушісі

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ – БОЛАШАҚҚА БАСТАР НАҚТЫ ЖОЛ

Адам баласы сана арқылы басқа тірі жандардан ерекшеленетіні белгілі. Демек, сол сананы орынды, ұтымды пайдалану әрбір адамның міндеті және бұл міндет тек білім нәрімен сусындап, алған білімді күнделікті өмірде іске асырған кезде ғана орындалады. Сондықтан, білімге деген құштарлық, оған қол жеткізу үшін тынбай еңбек етуге әрбір жас өзін әзірлеуі қажет.

Бүгінде еліміз – Қазақстан Республикасы білім мен ғылым саласына көңіл бөле отырып, білім беру ордаларының саны мен сапасының бір-біріне сәйкес келуіне қатаң талаптар белгілейді. Тек Отандық емес, сонымен бірге шетелдік білім беру жүйесінің талаптарына жауап беретін бірегей оқу ордасы ретінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін атауға болады.

Дүние жүзіне мәшhүр, ғылымның түрлі салаларында еңбек еткен, дана бабамыз әл-Фарабидің атымен аталған университет қабырғасы осыдан 34 жыл бұрын қаланып, бүгінде білімнің, жастық шақ пен жетістіктің символына айналған. Аталмыш университет 15 факультетті біріктіре отырып, Қазақстан Республикасында ең көп әрі сапалы профессорлық-педагогикалық құраммен, ең көп академиялық, әлеуметтік белсенді студенттер санымен мақтанады. Білім беру сапасының жоғары деңгейде екендігін Халықаралық рейтинг нәтижелері бекіте түспек. Мәселен, ҚазҰУ «Great Vaule Colleges» халықаралық ұйымының зерттеу қорытындысы бойынша 50 технологиялық қарқынды дамыған әлем университеттерінің қатарына кірді. Сондай-ақ, біздің университет World University Rankings QS (Ұлыбритания) беделді рейтингтік агенттігінің мәліметтері бойынша әлемнің 250 үздік университеттерінің санатына еніп, 236 орынды иеленді. QS британдық порталдың нұсқасы бойынша Орталық Азия мен дамушы Еуропа елдері (EECA – Emerging Europe & Central Asia) үздік университеттерінің рейтингісінде үздік ондыққа еніп тұр. Бұл ондықтың тізгінін ұстап тұрған жоғары оқу орындарының қатарында Ломоносов атындағы ММУ (Ресей), Новосибир Мемлекеттік Университеті (Ресей), Тарту Унивеситеті (Эстония), Карлов Университеті (Чехия), Санкт-Петербург Мемлекеттік Университеті (Ресей) еніп тұр. Аса маңызды жай ретінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің осы ондыққа Орта Азия елдерінің қатарынан енген жалғыз университет болып табылады. Түркі халықтарының Бүкіләлемдік конгресінің пікірі бойынша түркі елдерінің ең үздік жоғары оқу орны болып танылды. Аталмыш рейтингтік жетістіктер тағы да біздің университетіміздің абсолютті жоғары деңгейін көрсетеді.

Әрбір студент өзінің білім алу траекториясын таңдай отырып, академиялық бас қосуларға, яғни дөңгелек үстел, дискуссияларға қатыса алады. Студент пен оқытушының арасындағы таза қарым-қатынасқа ашықтық пен тазалық кіргізу мақсатында университетте қызметті рейтингтік бағалау жүйесі іске асырылады, яғни студент өзінің ұстаздарының сабақ жүргізу, түсіндіру және бағалау әділдігіне өз көзқарастарын білдіре алады. Сонымен бірге, «Студенттің ар-намыс кодексі» сияқты корпоративтік мәдениетке қатысты маңызды құжаттар енгізілген. «Университетте сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» жобасын аясында басқару қызметіндегі жемқорлыққа қарсы технологиялар қолданылады және оқу үдерісіне жемқорлықты алдын алатын технологиялар енгізілген. Жастарды белсенді азаматтық ұстанымға тәрбиелейтін педагогикалық тәлімгерлік институты тиімді жұмыс істейді. ҚазҰУ-да «Al-Farabi university smart city», «Айналаңды нұрландыр» инновациялық әлеуметтік жобалары, студент жастардың патриоттық фестивалі «Мен жастарға сенемін», «100 кітап» және

басқа да шаралар жүзеге асырылуда. Осы жұмыстардың барлығы ҚазҰУ-дың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, университеттегі ғылым мен білімнің әлемдік стандарттарын одан әрі дамытуға бағытталған.

Тағы бір маңызды жайт, университеттің «үш тілдік саясатты» қолдауы, яғни университетте көп тілде оқыту бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бакалавриат, магистратура және докторантура мамандықтары 65 пайызының ағылшын тілінде оқытатын бөлімшесі бар. ҚазҰУ – шетелдік жетекші ЖОО-лармен қос дипломдық 50-ден астам бағдарламасын іске асыратын жалғыз университет. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 322 университетпен және әлемнің 46 елінің ғылыми орталықтарымен жасасқан ынтымақтастық туралы шарттары мен келісімдері бар. Университет ЮНЕСКО-UNITWIN бағдарламасының аясында тұрақты даму бойынша «Академиялық ықпал» БҰҰ Бағдарламасының Ғаламдық Хабы және тұрақты даму бойынша Өңірлік Хаб болып табылады. Өткен жылы тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасы ашылды.

Аса дарынды және даярланған білім алушыларды тарту мақсатында жыл сайын «Әл-Фараби» Республикалық Олимпиадасы өткізіледі және жоғары сынып оқушыларына арналған Виртуалды академия жұмыс істейді. 2017 жылы университетке 500-ден астам «Алтын белгі» иегері оқуға түсті. Биылғы жылы да ҚазҰУ-дың заң факультетіне 300-ден аса түлектер оқуға түсті. Әлем университеттерінің TOP-100 білім беру бағдарламаларына сәйкес оқу бағдарламаларына толық жаңғырту жүргізілді. Жаңа білім беру технологиясы – STEM-білім енгізілді. Ол жоғары технологиялық бағыттағы өндіріс үшін білікті мамандарды даярлауға септігін тигізеді. Университет бағдарламаларының 90 пайыздан астамы ASIIN, AQUIN, AQA, FIBAA халықаралық аккредитациялау агенттіктерінде табысты тіркелді. Кейбір бағдарламаларға еуропалық сапа белгісі берілді. Студенттердің теле- және радиобағдарламаларын эфирге шығаратын Әл-Фараби телерадио кешені табысты жұмыс істеуде. «Қазақ университеті» газеті ұдайы шығып тұрады.

Ерекше атап өтуге тұрарлық мәнжай университетіміздің материалдық-техникалық базасы. Елімізде басқа ешбір ЖОО иеленбейтін, аса үлкен ауқымдағы аумақта орналасқан ҚазҰУ әр факультетке тиесілі заманауи жабдықтаудан өткен ғимараттармен, электрондық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген, кітап қоры бойынша әлемдік деңгейде үздік орынды иеленетін кітапханамен, студенттер, магистранттар мен докторанттарға арналған «Жас ғалымдар үйімен», түрлі мамандандырылған зертханалармен мақтана аламыз.

Үздіксіз практикалық даярлау, ғылымның, білімнің және бизнестің кірігу қағидаттарын іске асыру ҚазҰУ түлектерін табысты жұмысқа орналастыруға және олардың Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ шетелде де сұранысқа ие болуына ықпал етеді. Университеттің жұмыс берушілер арасындағы тұрақты беделі мен жұмысқа орналастырудың өсуі еңбек нарығында түлектердің бәсекеге қабілеттілігін айғақтайды.

Қорытындылай келе, білім нәрімен сусындап, жұмыс нарығында аса жоғары сұранысқа ие болудың, сонымен бірге, қоғамда өз орнын тапқан, тұлға, индивид ретінде қалыптасуға мүмкіндік беретін бірден бір білім ордасы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әрі қарай да үздік нәтижелерді көрсетеді деп сенеміз.

Жатқанбаева А.Е., заң ғылымдарының докторы, профессор
Шуланбекова Г.К., аға оқытушы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Кеден, қаржы және экологиялық
құқық кафедрасы

КЕДЕН ҚЫЗМЕТІНЕ КАДРЛАР ДАЙЫНДАУ

Кеден органдарындағы жұмыс атқару әрдайым беделді болып келеді. Қазақстанның халықаралық экономикалық одақтарға мүше болуына байланысты кеден қызметі артықшылықтары арта түсуде. Қазақстанның Қытай мен Ресей сияқты алып елдермен байланысы тауар айналымын дамытуға және әлемдік нарыққа шығуға мүмкіндік береді. Елдің геосаяси жағдайы Оңтүстік-Шығыс Азия мен Еуропаны біріктірген қалпына келтірілген «Жібек жолы» кіруін білдірген. «Жібек жолы» арқылы тауар алмасу үнемі кеңеюде және өсіп келеді, бұл еліміздің экономикалық дамуына және оның халықаралық саясаттағы рөліне елеулі әсер етеді. Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелігі де Қазақстанның бүкіл экономикасы үшін маңызды қадам болып табылады, ең алдымен тауарлар Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан өту кезінде ұлттық мүдделерін қорғау қамтамасыз етіледі.

Осы себептердің барлығы еліміздің кеден органдары үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кендендік шекарасы арқылы тауарларды импорттау және экспорттау үшін кадрларды даярлауды талап етеді.

Қазіргі уақытта еліміздің 25-тен астам университеті кеденшілерді оқытуға лицензиясы бар. Бірақ бәрі бірдей қабылдауды жүзеге асырмайды, бұл адамдардың келмейтініне, сенбейтініне байланысты. Бүгінде жоғары білім берудің жоғары оқу орнын таңдауы жастардың болашақ мансабын айқындайтын маңызды қадам болып табылады, өйткені 2020 жылдан бастап әрбір жоғары оқу орны өз дипломдарын шығаратын болады. Жұмыс беруші қызметкерлерді іріктеу кезінде университеттің деңгейіне назар аударатын болады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақстанда бірінші болып «Кеден» мамандығы бойынша студенттерді қабылдай бастады. Біз Қазақстанда бірінші болып FIBAA халықаралық аккредиттеу агенттігі бойынша аккредиттеу нәтижесінде халықаралық деңгейде танымал болдық. Қазіргі уақытта біз ВТАМО елдерінің арасында халықаралық аккредитациялау өтуге жұмыстар жүргізіп жатырмыз, бұл Дүниежүзілік кеден ұйымына қатысушы елдердің арасында ҚазҰУ-дың «Кеден» мамандығы бойынша дипломдарын мойындауына әкеледі.

Қазіргі кезде біз студенттерді күндізгі бөлім және дистанционды оқу бөлімдеріне қабылдау жүргізудеміз.

Кеден қызметкері бүгінде экономика, салық салу, бухгалтерлік есеп, логистика, халықаралық және ұлттық құқық саласында кеңінен білім алуға тиіс. Бұдан басқа, ол бірнеше тіл білуі керек (мысалы, ағылшын және қытай тілдері), жануарлар мен өсімдіктер әлемін (тыйым салынған жануарлар мен өсімдіктерді экспорттау немесе импорттау) түсіну, өнер объектілерін бағалай білуі керек. Кеден қызметкері бүгінгі күні психолог та болып табылады, ол бір адамға қарап, оны контрабандашы немесе террорист ретінде көре алу қажет. Бірақ, сонымен бірге, кеден – бұл мемлекеттің сыртқы көрінісі және ол бірінші кезекте кеден органының қызметкерінің мінез-құлқына байланысты. Құзыретті, сабырлы, лайықты мінез-құлық, бұл – бүкіл елге сыртқы байқаушының (ел қонақтары, туристер) көз-қарастарының барлығын қабылдау және бағалауының кепілі, олардың саны жыл сайын артып келеді.

Сонымен қатар, кеден қызметкері арнайы білімнің үлкен жиынтығына ие болуы керек. Тіркеу және бақылау жұмыстарының білімі мен дағдыларын меңгеру қажет. Тергеу іс-шараларын жүргізуге, сондай-ақ көптеген сараптамаларды (биологиялық, химиялық, физикалық, медициналық және т.б.) түсіну, сот-сараптамалық саласындағы соңғы зерттеулермен танысу қажет. Бүгінгі

күні кеден қызметкері арнайы ақпараттық технологияларды білмей жұмыс істей алмайды. Кедендік рәсімдердің көпшілігі, соның ішінде тіркеу, сәйкестендіру, мониторинг, сканерлеу Қазақстанның шекарасымен жабдықталған компьютерлік технологиялар арқылы жүзеге асырылады.

Бүгінде бүкіл әлем кеден қызметкерлерін арнайы даярлау қажеттілігін мойындайды. Бүгінгі таңда кедендік қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздік салаларының бірі болып табылады. Тиісінше, кеден қызметкерлерін даярлау, бұл – ұлттық мүдделерді сақтайтын мемлекеттік қызметшілерді оқыту болып табылады. Есірткі контрабандасын, террористерді, заңсыз мигранттарды және т.б. айқындайтын кеден органдарының қызметкерлері.

Кеден саласындағы мамандарға еліміздің мемлекеттік шекарасы арқылы, тауар тасымалдайтын коммерциялық құрылымдар, яғни логистикалық компаниялар үлкен қызығушылық танытуда. Бұл логистикалық компаниялар, кедендік брокерлер, кеден қоймалары, халықаралық сауда қызметін жүзеге асыратын коммерциялық құрылымдар және т.б.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 15 жыл бойы «Кеден» мамандығы бойынша мамандарын даярлауда. Осы уақыт ішінде біздің түлектеріміз жұмысқа орналасатын жүйеде Қазақстан Республикасының кеден органдарымен тығыз және достық байланыс орнаттық.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды таңдаудың артықшылықтары:

– бірегей авторлық курстар, жаңа әдістемені қолдану және оқу үдерісіне жаңа инновациялық оқыту технологияларын қолдану;

– шетелдік ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарында ғылыми тағылымдамадан өту;

– оқу бағдарламасының шеңберінде жеке траектория бойынша оқу мүмкіндігі;

– Еуропалық Одақтың серіктес жоғары оқу орындарында оқу мүмкіндігі.

Халықаралық қатынастар студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығының кепілі болып табылады. Біз Рига Техникалық Университетімен (Инженерлік және кеден факультеті); ABOAcademia (Финляндия); Мадрид автономиялық университеті (Испания), сондай-ақ ЕАЭО елдерінің жоғары оқу орындары мен Кеден одағының жоғары оқу орындарымен тығыз байланыс жасаймыз.

Университет BOMCA бағдарламасы бойынша (Еуропалық Одақ қаржыландыратын Орталық Азиядағы мемлекеттік шекараны басқаруды дамыту жөніндегі халықаралық жоба) ұлттық үйлестірушісі болып табылады.

Біздің студенттердің тәжірибе сабақтар өту орны – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кіріс қызметі ғылыми-зерттеу институттары; Қазақстан Республикасы кеден органдарының аналитикалық және басқару орталықтары; Қазақстан Республикасының кеден органдары; ҚР кәсіпкерлер қауымдастығы; көліктік-логистикалық компаниялар; кеден брокерлері болып табылады.

1. Сколько баллов нужно набрать по новому формату ЕНТ для поступления в ваш ВУЗ?

Ответ: По новому формату ЕНТ в этом году проходной балл в национальные ВУЗы Казахстана – 65 баллов.

2. Когда начинается прием документов в ваш университет?

Ответ: Прием документов для поступления на грант осуществляется с 20 июня до 31 июля. На платное обучение документы принимаются до 20 августа.

3. Можно ли у вас учиться на дистанционном обучении?

Ответ: В учебном процессе КазНУ им. аль-Фараби дистанционные образовательные технологии (ДОТ) применяются для студентов заочной формы обучения и лиц с ограниченными физическими возможностями, а также для студентов, выехавших за пределы страны по программам обмена, научных стажировок и академической мобильности. В заочное отделение могут поступить абитуриенты на базе высшего образования (второе высшее – срок обучения 2 года) и после колледжа (первое высшее сокращённое – срок обучения 3 года).

4. В каких странах можно обучаться по программе обмена студентами?

Ответ: Казахский национальный университет им. аль-Фараби на сегодняшний день имеет более 200 договоров о сотрудничестве с университетами и организациями следующих стран: Россия, Корея, Япония, Турция, Китай, США, Франция, Германия, Испания, Италия, Индия, Великобритания, Польша, Египет, Малайзия, Австрия, Венгрия, Швеция, Швейцария, Чехия, Португалия, Бразилия, Украина, Болгария, Греция, Израиль, Кипр, Саудовская Аравия, Объединенные Арабские Эмираты, Иран, Пакистан, Таджикстан, Узбекистан, Кыргызстан, Республика Беларусь.

5. Когда можно сдать повторное ЕНТ?

Ответ: Для непреодолевших пороговый уровень в ЕНТ, КТ, аннулированных, не принимавших участие на тестировании пересдача будет проводиться с 19 по 24 августа.

6. Какие изменения внесены по проведению творческих экзаменов?

Ответ: Прием заявлений на творческие экзамены – с 20 июня по 7 июля, дата проведения – с 8 по 13 июля. Проводится 2 творческих экзамена, из каждой из них нужно набрать максимально по 40 баллов. Общий балл – 80.

7. Предоставляется ли общежитие?

Ответ: Да. Казахский национальный университет имени аль-Фараби - один из немногих университетов в Казахстана со 100%-ным обеспечением жилья для своих студентов.

8. Когда я могу подать заявление на участие в конкурсе по присуждению образовательного гранта?

Ответ: Прием заявлений на конкурс по присуждению образовательного гранта проводится с 23 июля по 31 июля.

9. Есть ли в КазНУ дистанционное образование?

Ответ: Полную информацию по дистанционному образованию можете получить, пройдя по ссылке: http://welcome.kaznu.kz/ru/18004/page

10. Где можно узнать о стоимости обучения в университете?

Ответ: О стоимости обучения можете узнать, пройдя по ссылке: http://www.kaznu.kz/ru/18208/page/

Оқушы сабақ айтып болған соң: «Мен бұл бағаға лайық емеспін», – дейді. Ұстаз: «Ренжімеңіз, бұдан төмен баға жоқ».

***

Ұстаз: «Балалар, білесіңдер ме, суықта барлық заттың көлемі азаяды, ал жазда керісінше. Кім маған өмірден мысал келтіре алады?»

Фариза қолын көтеріп: «Мысалы, жазғы демалыс қысқы демалысқа қарағанда ұзақ» деп айтқан екен.

***

– Бүгін сабақта жолым болды!
– Қалай?
– Ұстазым мені бұрышқа тұрғызып қойғысы келген еді. Барлық бұрыш бос емес екен.

***

Экзаменнен кейін:
– Тапсырдың ба?
– Тапсырған сияқтымын.
– Не сұрады?
– Өзім түсінбедім. Ағылшын тілінде сұрады ғой.

***

Оқушы шығармасынан:
«Алып піл ыдыс тізіліп тұрған сөренің жанынан тұяғының ұшымен жүріп өтті».

***

Ұстаз: «Қыстыгүні табиғаттың қандай құбылыстарын көреміз?
Оқушы: «Аққала».

***

География сабағында:
– Италия картада неге ұқсайды?
– Резіңке етікке.
– Дұрыс, етікке ұқсайды. Бірақ неге резіңке деп айттың?
– Себебі Италияның жан-жағын су қоршап тұр.

***

Ұстаз үнсіз отырған кезде, оны бөлмегеніміз жөн.

***

Мектеп шығармасынан:
«Төлеген Жібекке сезім білдіру хатын жазған екен. Алайда Жібек хатты бірден спамға жіберіпті».

***

Ұстаздар мектеп оқушыларына билет сатқызады. Әрқайсысына 20 данадан береді. Осылайша оқушылар үйлерді аралауға кетеді. Арасынан біреуі жылдам қайтып келіп:
– Мен барлығын саттым. Барлығын бір үй сатып алды, – деп айтады.
– Бұл қолыңнан қалай келді?
– Мені сол үйдің иті тістеп алды.

Ұстаз оқушыларға: «Ешуақытта жануарларды сүймеңдер. Бұл өте қауіпті. Кім мысал келтіре алады?»

Бір бала: «Мен айтайыншы. Менің әпкем өзінің мысығын сүйе беретін.

Ұстаз: «Сонымен?»

Бала: «Мысығы ауырып қалды».

***

– Балалар 8 санын теңдей бөлсек, қанша шығады?

– Тігінен бөлсек, екі 3, ал ортасынан бөлсек, екі 0 шығады.

***

– Сіздің балаңыз үстеліме үлкен құрбақаның суретін салып қойыпты. Қорыққаным соншалық, орнымнан ұшып тұрдым.

– Ой, мұныңыз бекер қалсын! Оның ваннамыздың ішіне салып қойған қолтырауынын көргенде, салып қойған есіктен бірақ шыққан болатынмын.

***

– Сен неге сабақ үстінде ұйықтап отырсың?

– Мен ұйықтап отырған жоқпын. Бар болғаны көздерім баяу қимылдап жатыр.

***

– Томирис, суда қандай заттардың ерімейтінін айтшы.

– Балықтар!

***

Оқушылар бейнелеу өнері сабағында сөйлесіп отыр:

– Жарайсың! Суретті керемет салыпсың. Тіпті тәбетім ашылып кетті.

– Тәбетім ашылды дейсің бе? Күннің суретінен бе?

– Аааа, мен қуырылған жұмыртқаның суреті екен деп ойлап қалсам.

***

– Жасұлан, неге сен үшін сабақты үнемі анаң орындайды?

– Себебі әкемнің мүлдем уақыты жоқ.

***

– Бір оқушым сабақ үстінде әбден мазамды алады. Шулап, өзгелерге қағаз лақтырып, тақтадағы оқушыны келекетеді.

– Оның жағымды қасиеті мүлдем жоқ па?

– Өкінішке орай, бар. Ол ешуақытта сабақтан қалмайды.

***

– Айналайын, мен сенен теңіз сұрадым. Ал сен тауға шығып кеттің.

– Бұл жерден айналаны жақсылап бақылауға болады.

***

Ұстаз «Мен мектеп директоры болсам...» деген тақырыпта шығарма жазуға тапсырма береді. Барлығы білек сыбана кірісіп жатқанда, Қанағат қана терезеге қарап отырады.

– Ал сен неге жазбайсың?

– Мен хатшымды күтіп отырмын.

Massaget.kz сайтынан алынды.